6.	Өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	өсімдік ауруларының пайда болуын, таралуын болғызбау
7.	Ауру жұқтырған жануарларды ветеринариялық барлауды, өңдеуді, емдеуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	жануарлар ауруларының таралуын болғызбау
8.	Егістіктерді, жайылымдарды және мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін зарарсыздандыру	сағат + 24.00	жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуын болғызбау

9.	Зақым келген (ауру жұқтырған) жануарларды мәжбүрлі союды ұйымдастыру және оларды көму	қажет болған жағдайда	ауырған (зақымданған) жануарларды жою
10.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
<b>Сауда және интеграция министрлігі — АҚ сауда қызметі</b>			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Төтенше жағдай кезіндегі сауда қызметін үйлестіру	қажет болған жағдайда	сауда қызметін реттеу
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
<b>Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі — АҚ химиялық қорғаныс қызметі, көлік қызметі, жолдар мен көпірлер қызметі, инженерлік қызмет</b>			
1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Химиялық зақымдану аймақтарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізілген кезде халықтың және құралымдардың жеке құрамының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету	сағат + 2.00	халықты және жеке құрамды қорғау
3.	Авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін инженерлік техникамен жан-жақты қамтамасыз ету	сағат + 2.00	техниканың қажетті мөлшерімен қамтамасыз ету
4.	Қосалқы бөлшектердің, жанар-жағармай материалдарының резервін құру	сағат + 2.00	ЖЖМ және қосалқы бөлшектер резерві
5.	Қозғалыс бағдарларында көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	көлік құралдарының іркіліссіз жұмыс істеуі
6.	Халықты химиялық зақымдану қаупі немесе оның туындауы туралы хабардар етуді ұйымдастыру, сондай-ақ халыққа химиялық зақымдану кезіндегі іс-қимыл қағидаларын жеткізу	дереу	халықты ақпараттандыру
7.	Төтенше жағдайларда жол саласы объектілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету	сағат + 3.00	жол саласы объектілерінің тұрақты жұмыс істеуі
8.	Зардап шеккен халықты, күштер мен құралдарды құтқару тасымалдау бойынша теміржол, теңіз, өзен, әуе және автомобиль көлігін бөлуді қамтамасыз ету	сағат + 3.00	зардап шеккен халықты және тартылатын күштер мен құралдарды тасымалдау

9.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
10.	Төтенше жағдай аймағындағы автомобиль жолдарының жай-күйіне барлауды ұйымдастыру және жүргізу	сағат + 24.00	барлауды ұйымдастыру және жүргізу
11.	Төтенше жағдайлар кезінде көлік коммуникацияларындағы зақымдарды жою	сағат + 24.00	зақымдануды жою

**Энергетика министрлігі — АҚ энергетика қызметі, радиациялық қорғау қызметі, жанар-жағармай материалдары қызметі**

1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету және оларды төтенше жағдай аймағына жеткізу	сағат + 4.00	ЖЖМ-мен қамтамасыз ету
3.	Төтенше жағдайлар кезінде тұтынушыларды, ұйымдар мен халықты іркіліссіз энергиямен жабдықтау бойынша энергетикалық жүйелер, желілік кәсіпорындар мен энергетика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне кіретін аса маңызды объектілер мен жауапты тұтынушыларды іркіліссіз электрмен жабдықтауды ұйымдастыру	сағат + 3.00	адамдардың өмірін сақтау және денсаулығын қолдау сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау
4.	Энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерін ерекше жұмыс режиміне көшіру	қажет болған жағдайда	энергетика жүйелері мен объектілерінің ерекше жұмыс режимінде жұмыс істеуі
5.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

**Экология және табиғи ресурстар министрлігі — АҚ ұлттық гидрометеорологиялық қызмет**

1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Қоршаған табиғи ортаның ластану, су деңгейінің көтерілу деңгейлері, қауіпті құбылыстар және стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстар туралы деректерді азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарына ұсыну	төтенше жағдай кезеңінде үнемі	азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін басқару органдарына ақпарат беру
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

**Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі — АҚ байланыс қызметі**

1	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Халықты қалыптасқан жағдай туралы құлақтандыру мен хабардар етуге қатысу	сағат + 1.00	ақпаратты халыққа жеткізу
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және олардың төтенше жағдай аймағына шығуын ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу

**Әділет министрлігі**

1.	Орны толмайтын шығындарға сот-медициналық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету	қажет болған жағдайда	орны толмас шығындарды сәйкестендіру
----	--	-----------------------	--------------------------------------

**Сыртқы істер министрлігі**

1.	Шектес мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды қалыптасқан жағдай туралы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	қажет болған жағдайда	ақпарат
2.	Қажетті гуманитарлық және өзге де көмек көрсету туралы шет елдерге және халықаралық ұйымдарға сауал дайындау	қажет болған жағдайда	сауал жіберу
3.	Басқа мемлекеттердің зардап шеккен (қаза тапқан) азаматтарының тізімін қалыптастыру	қажет болған жағдайда	тізім

**Қаржы министрлігі**

1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу	қажет болған жағдайда	Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу
----	--	-----------------------	--

**Қорғаныс министрлігі**

1.	РЖШ жұмысына қатысу	сағат + 1.00 (жұмыс уақытында) сағат + 2.30 (жұмыстан тыс уақытта)	РЖШ-ның жедел жұмыс істеуі
2.	Төтенше жағдай аймағында бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысу	сағат + 24.00	авариялық-құтқару жұмыстары мен шұғыл жұмыстар
3.	Жедел топтарды қалыптастыру және оларды төтенше жағдай аймағына жіберуді ұйымдастыру	сағат + 24.00	күштер мен құралдарды жіберу
4.	Төтенше жағдай аймағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	сағат + 24.00	қоғамдық тәртіпті қорғау

Қауіпті биологиялық факторлар туындаған кезде жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарына қосымша

Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлар, оның ішінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі авариялар кезінде төтенше жағдайларды жоюға тартылатын күштер мен құралдардың есебі

№	Бөлімшенің атауы	Саны			
		жеке құрам (адам)	техника (бірлік)		
			авто-мобиль көлігі	темір жол көлігі	әуе көлігі
<b>Барлығы:</b>		277	94		
<b>Жиыны:</b>		16 437	6 217		

Ескертпелер:

РЖШ-ның құрамына төтенше жағдайларды жоюға жауапты ұйымдардың өкілдері кіргізілуі мүмкін (қажет болған жағдайда);

орталық атқарушы органдар жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі ведомстволық іс-қимыл жоспарларын әзірлеу мен бекітуді осы жоспарды ескере отырып және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген құрылымға сәйкес азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұйымдастырады;

сағат + – төтенше жағдайдың туындағаны туралы сигнал түскен уақыт;

+0.30; +1.00 – іс-шараларды орындаудың шекті уақыты, мұнда нүктеге дейін сағат, нүктеден кейін минуттар көрсетіледі;

аббревиатуралардың толық жазылуы:

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

ВАМК – Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия;

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары;

РЖШ – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі республикалық жедел штаб;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТВ – телевизия;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ХҚКО – халыққа қызмет көрсету орталығы.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Ұлттық экономика министрінің  
2024 жылғы 22 сәуірдегі № 18 бұйрығы

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу қағидалары

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларының 24-5-тармағына сәйкес әзірленді және 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу тәртібін (бұдан әрі – Мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу) айқындайды.

2. Осы Қағидалардың күші 2024 жылғы су тасқыны салдарынан агроөнеркәсіптік кешеннің кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынға өтемақы төлеуге қолданылмайды.

**2-тарау. 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу тәртібі**

3. Мүлдіктік шығынға өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандырылған мүлдікті қоспағанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне (бұдан әрі – мүлік иелері) тиесілі жойылған мүлдіктің құнын немесе бүлінген мүлдікті қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеу жолымен жүргізіледі.

4. Жойылған тауарлық-материалдық құндылықтарды өтеу көтерме бағамен өнім берушінің сатып алу бағасы бойынша жүргізіледі.

5. Облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылатын 2024 жылғы су

тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлдіктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссияның (бұдан әрі – Өңірлік комиссия) немесе бюджеттен тыс қорлардың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін қарауы жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Қор комиссиясы) шешімі жойылған мүлдіктің құнын немесе бүлінген мүлдікті қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеу үшін негіз болып табылады.

Өңірлік комиссия өз қызметін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Үлгілік ереже негізінде жүзеге асырады.

Мүлік иесін 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен деп тану және мүлдіктік шығындарды алдын ала бағалау үшін аудан, облыстық маңызы бар қала әкімі Мүлік иесін 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен деп тану жөнінде комиссия құрады.

6. Жойылған мүлдіктің құны немесе бүлінген мүлдікті қалпына келтіру жұмыстарының құны мүлік иесіне мынадай көздердің бірінен:

1) бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджеттен;

2) жеке қорлар (бұдан әрі – Қор) қаражатынан ақшалай қаражат төлеу жолымен өтеледі.

7. Жойылған мүлдіктің түрлеріне (жылжымайтын мүлік, жабдық, автомобиль көлік құралдары (бұдан әрі – автокөлік құралы), тауарлық-материалдық құндылықтар) байланысты жойылған мүлдіктің құнын немесе бүлінген мүлдікті қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеу үшін қаражат көзін айқындау Өңірлік комиссияның құзыретіне жатады.

8. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес меншік құқығы немесе мүлдікке өзге де заттай құқық, осы мүлдіктің құрамы осы Қағидалардың 15-тармағында



көрсетілген тиісті құжаттармен расталады.

9. Жойылған мүліктің немесе бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстарының өтелетін құнының мөлшерін айқындауды Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы жүзеге асырады.

10. Жойылған мүліктің құнын немесе бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеудің мөлшері:

1) тауарлық-материалдық құндылықтар, негізгі құралдар (жылжымайтын мүлікті қоспағанда) үшін – осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарына сәйкес жойылған тауарлық-материалдық құндылықтарды өтеу сомасына жүргізілген есептің қорытындылары бойынша;

2) жылжымайтын мүлік үшін – ұсынылған ақаулық ведомосі, сметалық құжаттама, жобалау-сметалық құжаттама бойынша;

3) бүлінген, сондай-ақ қалпына келтіруге жатпайтын жылжымалы мүлік үшін – қалпына келтіріп жөндеу сметасы, шығындар калькуляциясы, залал басталған күнгі тозуын ескере отырып, бағалау туралы есеп бойынша айқындалады.

11. Мүлікті бағалауды және (немесе) ілеспе аудиторлық көрсетілетін қызметтерді жүргізуге, сметалар жасауға және бүлінген мүлікті қалпына келтіру (жөндеу) шығындарының калькуляциясына, сот сараптамаларының қорытындысына байланысты көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу, сондай-ақ адвокаттық қызметтерге ақы төлеу облыстың жергілікті атқарушы органына және (немесе) Қорға жүктеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын көрсетілетін қызметтерді орындаушылар облыстың жергілікті атқарушы органына және (немесе) Қорға, сондай-ақ мүлік иесіне береді.

12. Облыстың жергілікті атқарушы органы және (немесе) Қор осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсету үшін бағалау, аудиторлық компаниялар және адвокаттар тізбесін алдын ала айқындайды және оны жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырады.

Облыстың жергілікті атқарушы орга-

ны және (немесе) Қор қызметтерді көрсету фактісі бойынша осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қызметтерге ақы төлейді.

13. Осы Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген жойылған мүліктің құнын немесе бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстарының құнын өтеу үшін мүлік иесі Өңірлік комиссияға электрондық платформа арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынды өтеу туралы өтініш (бұдан әрі – Өтемақы туралы өтініш) береді.

Электрондық платформа болмаған жағдайда Өңірлік комиссияға және (немесе) Қор комиссиясына Өтемақы туралы өтініш осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған қағаз жеткізгіште беріледі.

Мүлік иесінің жүгінуі мүмкін болмаған жағдайда, Өтемақы туралы өтінішпен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхат негізінде әрекет ететін адамдар жүгіне алады.

Мүлік иесі не оның өкілі Өтемақы туралы өтініште көрсетілген мәліметтердің және қоса берілген барлық құжаттардың дұрыстығын растайды.

14. Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы Өтемақы туралы өтінішті түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

15. Өтемақы туралы өтінішке мүлік иесі не оның өкілі өтемақы сомасын міндетті түрде көрсете отырып, меншік иесін 2024 жылғы су тасқынының салдарынан зардап шеккен деп тану жөніндегі комиссия қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ мыналарды береді:

1) дара кәсіпкерлер үшін – электрондық түрде [elicense.kz](http://elicense.kz) порталында "Жеке кабинет" – "Өтініштер мен алынған қызметтер тарихы" – "Хабарламалар" – "МО-ға қабылдау" – "Талон" қосымша парағында дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаны тіркеу туралы талон, заңды тұлғалар үшін – электрондық түрде [egov.kz](http://egov.kz) порталын-

да "Көрсетілетін қызметтер" – "Бизнесті тіркеу және тарату" – "Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама беру" қосымша парағында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама.

Мұндай құжат су тасқыны салдарынан жоғалған немесе жойылған жағдайда – ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесі;

2) мүлікке меншік құқығын немесе өзге де заттық құқықты растайтын құжаттар, жеке басын куәландыратын құжаттар (бар болса);

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті ерікті сақтандырудың жоқтығы туралы өтініш не сақтандыру шарты не сақтандыру шартының электрондық көшірмесі (бар болса).

Егер сақтандыру шартының талаптарына сәйкес су тасқыны, төтенше жағдай барысында мүлікке келтірілген залал сақтандыру жағдайы болып табылмаса, Өңірлік комиссияның шешімі бойынша сақтандырылған мүлікті өтеу жүргізіледі;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлік иесіне не оның өкіліне ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық жөнінде ескертілгені туралы жазбаша хабарлама;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау, сараптама ұйымдарын, сондай-ақ адвокаттарды немесе өтемақының мөлшерін айқындау үшін тартылатын өзге де адамдарды олар ұсынатын құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық жөнінде ескертілгені туралы жазбаша хабарлама;

6) бағалау және өтемақы мөлшерін айқындау үшін тартылатын өзге де компаниялардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлеуге арналған шот-фактура не шот;

7) бүлінген жылжымалы мүлік үшін – қалпына келтіріп жөндеу сметасы, шығындар калькуляциясы.

Қалпына келтіруге жатпайтын сәйкестендірілетін жылжымалы мүлік үшін – мүлікті залал басталған күнгі тозуын ескере отырып бағалау туралы есеп;

8) тауарлық-материалдық құндылықтар

үшін – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органдарынан, фискалдық деректер операторларынан осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарында көзделген мерзімдерге сәйкес айналым сомалары туралы мәліметтерді сұратуға және алуға келісім;

9) жойылған негізгі құралдар (жылжымайтын мүлікті қоспағанда) үшін – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органдарынан, фискалдық деректер операторларынан осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарында көзделген мерзімдерге сәйкес айналым сомалары туралы мәліметтерді сұратуға және алуға келісім;

10) 2024 жылғы су тасқыны салдарынан мүліктің бүліну, жойылу фактілерін растайтын өзге де құжаттар, фото және бейнематериалдар (бар болса).

Жылжымайтын мүлікті қалпына келтіру бойынша мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) техникалық жағынан күрделі объектілер үшін – аккредиттелген сараптамалық ұйым қол қойған және растаған техникалық зерттеу қорытындысы.

Техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін – техникалық зерттеу жөніндегі сарапшы қол қойған және растаған техникалық зерттеу қорытындысы.

Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызу тәртібі "Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

2) дара кәсіпкерлер үшін – электрондық түрде [elicense.kz](http://elicense.kz) порталында "Жеке кабинет" – "Өтініштер мен алынған қызметтер тарихы" – "Хабарламалар" – "МО-ға қабылдау" – "Талон" қосымша парағында дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаны тіркеу туралы талон, заңды тұлғалар

үшін – электрондық түрде egov.kz порталында "Көрсетілетін қызметтер" – "Бизнесті тіркеу және тарату" – "Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама беру" қосымша парағында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама.

Мұндай құжат су тасқыны салдарынан жоғалған немесе жойылған жағдайда – ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесі;

3) жылжымайтын мүлік объектісінің (тұрғын үйдің) техникалық паспорты.

Мұндай құжат жоғалған немесе жойылған жағдайда осы құжаттың телнұсқалары не көшірмесі беріледі;

4) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы берген жылжымайтын мүліктің жоқтығы (болуы) туралы анықтама;

5) ағымдағы жөндеу бойынша – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жасалған ақаулық ведомосі және сметалық құжаттама;

6) күрделі жөндеу және реконструкциялау бойынша – жобалардың кешенді сараптама-сының оң қорытындысын алған және сметалық есептері бар жобалау-сметалық құжаттама.

Қалпына келтіруге жатпайтын автокөлік құралдары бойынша:

1) автокөлік құралының болуын растау және автокөлік құралын есепке алуды тіркеу жөніндегі мемлекеттік орган берген құқық белгілейтін құжаттар;

2) дара кәсіпкерлер үшін – электрондық түрде elicense.kz порталында "Жеке кабинет" – "Өтініштер мен алынған қызметтер тарихы" – "Хабарламалар" – "МО-ға қабылдау" – "Талон" қосымша парағында дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаны тіркеу туралы талон, заңды тұлғалар үшін – электрондық түрде egov.kz порталында "Көрсетілетін қызметтер" – "Бизнесті тіркеу және тарату" – "Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама беру" қосымша парағында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу,

филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама.

Мұндай құжат су тасқыны салдарынан жоғалған немесе жойылған жағдайда – ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесі;

3) автокөлік құралының тозуын ескере отырып, бағалау туралы есеп;

4) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың автокөлік құралын толық сақтандыру шартының (КАСКО) жоқтығы туралы өтініш.

16. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған кезде Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы мүліктік шығындарды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мүліктік шығындарды өтеуден бас тарту туралы шешім өтініш берушіні Өтемақы туралы өтінішті қайта жіберу мүмкіндігінен айырмайды.

17. Жойылған тауарлық-материалдық құндылықтардың өтемақы сомасын есептеу осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мынадай формулалардың бірі бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде жүргізіледі:

1)  $S = X * N/M$ , мұндағы:

X – 1,2 тең коэффициент – сауда субъектілері және өзге санаттар үшін/0,5 тең коэффициент – қоғамдық тамақтану субъектілері үшін;

S – өтемақы сомасы;

N – салық есептілігі нысандарының және (немесе) электрондық шот-фактуралардың деректеріне сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің өткізу айналымы немесе кірісі.

Бұл ретте айналым мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтерінен ең көп сома негізінде айқындалады:

1) қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеушілер үшін – 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін мемлекеттік кірістер орган-

дарына ұсынылған 2023 жылғы қосымша нысандарды ескере отырып, қосылған құн салығы бойынша декларациялар бойынша өткізу айналымдары (300.00-нысан);

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын және ҚҚС төлеушілер болып табылмайтын тұлғалар үшін 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған 2023 жылғы қосымша нысандарды ескере отырып, шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларациялар бойынша айналымдар сомасы (910.00-нысан);

3) бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын және ҚҚС төлеушілер болып табылмайтын тұлғалар үшін 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған 2023 жылғы бөлшек салықтың салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация бойынша айналымдар сомасы (913.00-нысан);

4) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын және ҚҚС төлеушілер болып табылмайтын тұлғалар үшін мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған 2023 жылғы корпоративтік табыс салығы бойынша декларация (100.00-нысан) немесе жеке табыс салығы бойынша декларация (220.00-нысан) бойынша жиынтық жылдық кіріс сомасы, 2024 жылғы 15 қаңтардан кешіктірмей жазып берілген 2023 жылғы электрондық шоттардың деректері бойынша өткізу айналымы.

Егер тұлға 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ҚҚС төлеуші болып табылса, кірісін айқындау үшін салықтық есептілік нысанының (100.00, 110.00, 150.00, 300.00, 910.00, 911.00, 912.00, 913.00, 920.00, 220.00 нысандары) бір түрі бойынша ең көп сома қолданылады;

M – зерттелетін кезеңдегі айлар саны.

Ескертпе: әдетте, есептеу үшін 12 ай пайдаланылады. Егер кәсіпкерлік субъектісін тіркеу күні немесе ҚҚС бойынша есепке қою күні немесе салық режимі ауысқан күні зерттелетін салықтық кезеңге сәйкес келсе, айлар саны 12-ден аз болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда айлар саны ҚҚС бойынша тіркелген не есепке қойылған не салық ре-

жимі ауысқан айдан бастап есептеледі;

2)  $S = X * N/D*30$ , мұндағы:

X – сауда және өзге санаттағы субъектілер үшін 1,2, қоғамдық тамақтандыру субъектілері үшін 0,5;

S – өтемақы сомасы;

N – су тасқыны кезеңінде орналасқан жері (жалдау шартына немесе құқық белгілейтін құжатқа сәйкес айқындалған) бойынша кәсіпкерлік субъектісінің жұмысы басталған күннен бастап деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасының түсімдері туралы тәуліктік мәліметтер негізінде, бірақ 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін есептелген айналым сомасы;

D – 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда су тасқыны кезеңінде орналасқан жері (жалдау шартына немесе құқық белгілейтін құжатқа сәйкес айқындалған) бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің жұмысы басталған күннен бастап күндер саны.

Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілген формулалар бойынша есептеу нәтижесінде алынған сомалардың ең көбі тандап алынады.

18. Егер зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі 2024 жылғы 1 қаңтардан кеш тіркелген жағдайда, кірісті айқындау үшін 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін су тасқыны кезеңінде орналасқан жері (жалдау шартына немесе құқық белгілейтін құжатқа сәйкес айқындалған) бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің жұмысы басталған күннен бастап деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасының түсімдері туралы тәуліктік мәліметтер негізінде айқындалған айналымның не 2024 жылғы 15 сәуірді қоса алғанда одан кешіктірмей жазып берілген 2024 жылғы 1-тоқсандағы электрондық шоттардың деректері бойынша айналымның ең көп сомасы мынадай формула бойынша қолданылады:

$S = X * N/D * 30$ , мұндағы:

X – сауда және өзге санаттағы субъектілер үшін 1,2, қоғамдық тамақтандыру субъектілері үшін 0,5;

S – өтемақы сомасы;

N – 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін су тасқыны кезеңінде орналасқан жері (жалдау шартына немесе құқық белгілейтін құжатқа сәйкес айқындалған) бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің жұмысы басталған күннен бастап деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасының түсімдері туралы тәуліктік мәліметтер негізінде айқындалған айналымның не 2024 жылғы 15 сәуірді қоса алғанда одан кешіктірмей жазып берілген 2024 жылғы 1-тоқсандағы электрондық шоттардың деректері бойынша айналымның сомасы;

D – 2024 жылғы 1 сәуірді қоса алғанға дейін су тасқыны кезеңінде орналасқан жері (жалдау шартына немесе құқық белгілейтін құжатқа сәйкес айқындалған) бойынша кәсіпкерлік субъектісінің жұмысы басталған күннен бастап күндер саны.

19. Егер зардап шеккен кәсіпкерлік субъектісінің қызметін жүзеге асыру орны бірнешеу болған жағдайда, су тасқыны салдарынан зардап шеккен қызмет жүзеге асырылатын орын (орындар) бойынша өтемақы сомасы ретінде:

1) осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес есептелген, қызметті жүзеге асыру орындарының санына бөлінген және су тасқыны салдарынан зардап шеккен қызметті жүзеге асыру орындарының санына көбейтілген сома;

2) осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген 2-формула бойынша нақты зардап шеккен объектіде тіркелген деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасының (машиналарының) түсімдері туралы тәуліктік мәліметтер негізінде есептелген сома қабылданады.

20. Осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарына сәйкес жойылған тауарлық-материалдық құндылықтарды, негізгі құралдарды (жылжымайтын мүлікті қоспағанда) өтеу

сомасының жүргізілген есептеу қорытындылары бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде коэффициенттер бойынша мәлімделген және есептелген сомаларда алшақтық болған кезде өтемақы сомасы мынадай жағдайлардың бірінде:

1) егер есептеу сомасы мәлімделген сомадан жоғары болса, мәлімделген сомаға дейін азайту жағына қарай;

2) егер мәлімделген сома есептеу сомасынан жоғары болса, есептеу сомасына дейін азайту жағына қарай азаяды.

21. Егер мүліктің иесі осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарындағы есептеулерге сәйкес көзделген, жойылған тауарлық-материалдық құндылықтарды, негізгі құралдарды (жылжымайтын мүлікті қоспағанда) өтеу сомасымен келіспеген және нақты келтірілген залал бойынша өтемақы алуға ниет білдірген жағдайда, осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттарға – өтемақы сомасын айқындау бойынша сот сараптамасының (сот-бухгалтерлік немесе сот-тауартану) қорытындысы қоса беріледі.

22. Өтемақы туралы өтініштің және осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген тиісті құжаттардың негізінде Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы 5 (бес) жұмыс күні ішінде республикалық және (немесе) облыстың және (немесе) Қордың бюджетінен мүліктік шығынды өтеуге қаражат бөлуді көздейтін шешімнің жобасын әзірлейді.

Өңірлік комиссияның және (немесе) Қор комиссиясының шешімі әрбір Өтемақы туралы өтініш бойынша, оның ішінде шығындардың түрін ескере отырып, қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қамтиды.

Мүліктік шығындарды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

23. Ақша қаражатын Өңірлік комиссияның тиісті шешімімен айқындалған бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жеткілікті қаржыландыру болған

кезде мүлік иесінің Өтемақы туралы өтініште көрсетілген ағымдағы немесе жинақ шотына аударады.

24. Облыстың жергілікті атқарушы органы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Өңірлік комиссия мен Қор комиссиясы қабылдаған, меншік иелеріне облыстың және (немесе) Қордың бюджетінен мүліктік шығынды өтеуге қаражат бөлуді көздейтін шешімдерінің негізінде мүлік иелерінің тізбесін, өтелуге жататын сомаларды, қаржыландыру көзін, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектісінің санатын көрсете отырып, су тасқыны салдарынан зардап шеккен субъектілердің өңірлік тізілімін (бұдан әрі – Өңірлік тізілім) қалыптастырады.

25. Өңірлік тізілімді растайтын құжаттарды қоса бере отырып (Өңірлік комиссияның және Қор комиссиясының шешімдері, Өңірлік комиссия және (немесе) Қор комиссиясы өз шешімін 2024 жылғы су тасқыны салдарынан келтірілген өтемақы сомасын бағалау бойынша негіздеген бағалау актілері), облыстың жергілікті атқарушы органы ай сайын есепті кезеңнің 5-күнінен кешіктірмей қалыптастырады және 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен субъектілердің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жібереді.

26. 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғаларға келтірілген мүліктік шығынды, оның ішінде коммерциялық автокөлік құралдары болып табылмайтын автокөлік құралдарына қатысты өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 860 қаулысымен бекітілген Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беру, материалдық залалды өтеу, қажетті көмек беру ережелерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу қағидаларына  
1-қосымша

## 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – *Ереже*) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссияның (бұдан әрі – *Өңірлік комиссия*) мәртебесіне және қызметіне байланысты мәселелерді реттейді.

2. Өңірлік комиссия алқалы орган болып табылады және өз қызметін 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысы сомасын айқындау үшін қажетті кезеңде жүзеге асырады.

### 2-тарау. Өңірлік комиссияның құрамы

3. Өңірлік комиссия облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылады және бекітіледі.

4. Өңірлік комиссияның құрамы жеті мүшеден кем болмауға тиіс.

Өңірлік комиссияның құрамына жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өкілдері, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің, өңірлік

кәсіпкерлер палаталары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

5. Өңірлік комиссияға облыстың кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары жетекшілік етеді.

6. Жергілікті атқарушы органның кәсіпкерлікті дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшесі Өңірлік комиссияның құжаттарды жинауды және қалыптастыруды жүзеге асыратын жұмыс органы болып табылады.

7. Өңірлік комиссияның қызметін бастау және тоқтату туралы шешімді облыстың жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

### 3-тарау. Өңірлік комиссияның міндеттері

8. Өңірлік комиссияның міндеттері:

1) 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысы сомасын айқындау;

2) өтініш берушілер берген құжаттарды қарау;

3) бүлінген ғимараттарға, құрылыстарға, жойылған мүлікке (қажет болған жағдайда) тексеру жүргізу;

4) өтініш берушілер ұсынған мәліметтер мен құжаттарды тексеруді ұйымдастыру.

9. Жүктелген міндеттерді орындау үшін Өңірлік комиссия:

1) 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысы сомасын айқындау жөніндегі құжаттар топтамасын қарау кезінде Өңірлік комиссияның отырыстарына өтініш берушілерді және (немесе) лауазымды тұлғаларды, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарды шақырады (қажет болған жағдайда);

2) 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысы сомасын айқындау мақсатында өтініш беруші ұсынған мәліметтер мен құжаттарға тексеру жүргізеді (қажет болған жағдайда);

3) мүлік иесінің мемлекеттік кірістер органдарынан, фискалдық деректер операторларынан мәліметтерді сұратуға және алуға

келісіміне сәйкес және заңнама талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік кіріс органдарынан шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтерді талап етеді;

4) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және шарттарда шешімдер қабылдайды.

### 4-тарау. Өңірлік комиссияның қызметін ұйымдастыру

10. Төрағаның шешімі бойынша Өңірлік комиссияның отырыстары мынадай нысандарда өткізіледі:

1) Өңірлік комиссия мүшелерінің бірлесіп қатысуы (бетпе-бет нысан не онлайн форматтағы бетпе-бет нысан);

2) өтініш берушінің не ол уәкілеттік берген адамның қатысуымен Өңірлік комиссияның көшпелі отырыстары.

11. Өңірлік комиссияның отырысы қажеттігіне қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет өткізіледі.

12. Өңірлік комиссия бетпе-бет нысанда (онлайн форматтағы бетпе-бет нысан) өткізілетін отырыста оның мүшелерінің жартысынан астамы болған кезде, отырысқа қатыспаған Өңірлік комиссия мүшелерінің отырыс өткізілетін күні алынған жазбаша пікірлерін ескере отырып, шешім қабылдайды.

13. Өңірлік комиссия отырысының күн тәртібін төраға, ал ол болмаған кезде – тиісті шешімнің негізінде төрағаның міндетін атқарушы Өңірлік комиссияның мүшесі бекітеді.

14. Өңірлік комиссияның отырысын төраға, ал ол болмаған кезде – тиісті шешімнің негізінде төрағаның міндетін атқарушы Өңірлік комиссияның мүшесі шақырады.

15. Өңірлік комиссияның отырыстарын шақыру Өңірлік комиссияның отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын Өңірлік комиссияның мүшелеріне электрондық нысанда (ақпараттың тұтастығы мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін электрондық поштаны немесе байланыстың өзге де түрлерін қоса алғанда, электрондық байланыс арналарын, сондай-ақ хабарламаны алу фактісін анық

айқындау мүмкіндігін пайдалана отырып немесе адресатқа тікелей қол қойғызу арқылы табыс етіледі) хабарламалар жіберу жолымен жүргізіледі.

16. Хабарламада мыналар көрсетіледі:

1) Өңірлік комиссия отырысының өткізілетін күні, уақыты, орны және форматы;

2) Өңірлік комиссия отырысының күн тәртібі.

Хабарламаға қаралатын мәселелерге байланысты қажетті материалдар қоса беріледі.

17. Өңірлік комиссияның отырыстарын шақыру туралы хабарлама қажет болған жағдайда Өңірлік комиссияның бетпе-бет отырысына қатысу үшін шақырылатын өзге адамдарға да жіберіледі.

Шақырылатын адамдардың тізбесін төраға немесе бұйрықтың негізінде төрағаның міндетін атқарушы Өңірлік комиссияның мүшесі айқындайды.

18. Өңірлік комиссияның отырысын өткізу нысанына қарамастан, мәселелерді шешу кезінде Өңірлік комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

19. Өңірлік комиссияның мүшелері Өңірлік комиссияның жұмысына жеке өзі қатысады. Дауыс беру құқығын беруге, сондай-ақ басқа адамдар үшін дауыс беруге жол берілмейді.

20. Өңірлік комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер отырыста болмаған Өңірлік комиссия мүшелерінің отырыс өткізілетін күні алынған жазбаша пікірлерін ескере отырып, Өңірлік комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

21. Өңірлік комиссияның мүшесі (Өңірлік комиссияның отырысын өткізу нысанына қарамастан) өзі қабылдаған шешімнің жазбаша дәлелді негіздемесін ұсынады. Осы құжатты Өңірлік комиссияның хатшысы Өңірлік комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркейді.

22. Өңірлік комиссияның хатшысы Өңірлік комиссия төрағасының шешімімен жергілікті атқарушы органның жұмыскерлері қатарынан тағайындалады. Өңірлік комиссияның хатшысы Өңірлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және дауыс беру құқығы

жоқ.

23. Өңірлік комиссияның хатшысы:

1) Осы Ережеде көзделген тәртіппен Өңірлік комиссияның қарауына шығарылатын мәселелер қатарынан Өңірлік комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастырады және оны Өңірлік комиссияның төрағасына бекітуге ұсынады;

2) Өңірлік комиссияның отырысын шақыру туралы хабарламаларды дайындауды және таратуды, қажетті материалдарды жинауды және таратуды ұйымдастырады;

3) отырысқа шақырылған адамдарды Өңірлік комиссия отырысының өткізілетін күні, орны мен уақыты туралы хабардар етеді, оларға отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жібереді;

4) келіп түскен, оның ішінде Электрондық платформадағы Өтемақы туралы өтініштердің есебін жүргізеді;

5) Өңірлік комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді және оларға қол қояды;

6) Өңірлік комиссияның қарауына ұсынылатын материалдардың түпнұсқаларын есепке алуды және сақтауды жүргізеді;

7) Өңірлік комиссияның қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

8) Өңірлік комиссия отырысының хаттамаларынан үзінділерді олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен таратуды жүзеге асырады;

9) Өңірлік комиссия отырысы хаттамаларының көшірмелерін, сондай-ақ Өңірлік комиссия отырысы хаттамасынан үзінді көшірмелерді (үзінді көшірмелердің көшірмелерін) куәландырады.

24. Өңірлік комиссия мүшелері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Өңірлік комиссияның құрамында әрекет ете отырып, Өңірлік комиссияның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алады;

2) Өңірлік комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастыру мәселелері бойынша өтініштер жасай алады, ұсыныстар енгізе алады;

3) Өңірлік комиссияның жұмыс жоспарларын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсы-

ныстар енгізе алады;

4) Осы Ережеде көзделген тәртіппен Өңірлік комиссияның отырысын шақыруды талап ете алады;

5) Өңірлік комиссия отырысының хаттамасына Өңірлік комиссия отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша қабылданатын шешімдер бойынша ерекше пікірін енгізуді талап ете алады.

25. Өңірлік комиссия мүшелері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) Өңірлік комиссияның мүддесі үшін адал, парасатты және әділ әрекет етеді;

3) Өңірлік комиссияның отырысына өзі қатысады;

4) Өңірлік комиссияның хатшысына Өңірлік комиссия отырысы басталғанға дейін кемінде бір күн бұрын өзінің болмау себептерін көрсете отырып, Өңірлік комиссияның отырысына қатысу мүмкіндігі жоқ екені туралы хабарлайды;

5) мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін мақсаттарда өзінің лауазымдық жағдайын (Өңірлік комиссияның мүшесі ретінде) пайдаланудан бас тартады.

26. Өңірлік комиссияның мүшелері мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Өңірлік комиссияны хабардар етуді қамтамасыз етеді және тиісті шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруден (тиісті шешім қабылдаудан қалыс қалу) қалыс қалады.

#### 5-тарау. Облыстың өңірлік комиссиясы отырысының хаттамасын ресімдеу

27. Өңірлік комиссия отырысының нәтижелері бойынша Өңірлік комиссияның хатшысы ол өткізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде отырыстың хаттамасын жасайды.

28. Өңірлік комиссия отырысының хаттамасында:

1) өткізу орны, уақыты, форматы (бетпе-бет, онлайн форматтағы бетпе-бет, сырттай);

2) отырысқа қатысып отырған адамдар;

3) отырыстың күн тәртібі;

4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

5) қабылданған шешімдер көрсетіледі.

29. Өңірлік комиссияның хатшысы Өңірлік комиссия отырысы хаттамасының дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз етеді.

30. Хаттамаға Өңірлік комиссияның төрағасы (отырыста төрағалық етуші), Өңірлік комиссияның мүшелері және Өңірлік комиссияның хатшысы қол қояды.

31. Өңірлік комиссия отырысының хаттамасы 1 (бір) данада ресімделеді, оған бекітілген, қаралған құжаттардың мәтіндері, жазбаша пікірлер және хаттамаға қосымша болып табылатын өзге де материалдар қоса тіркеледі.

32. Өңірлік комиссия хаттамасының сканерленген көшірмесі де Электрондық платформада электрондық түрде сақталады.

33. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін Өңірлік комиссияның хатшысы оған қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Өңірлік комиссияның мүшелеріне хаттаманы таратуды ұйымдастырады және Электрондық платформа және (немесе) электрондық пошта арқылы өтініш берушіні қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия

(облыстың)

#### 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу туралы өтініш

1. Жеке индикациялық нөмір/Бизнес индикациялық нөмір: \_\_\_\_\_
2. Дара кәсіпкердің/занды тұлғаның атауы: \_\_\_\_\_
3. Байланысатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): \_\_\_\_\_
4. Байланыс деректері: \_\_\_\_\_
5. Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_
6. Жеке/занды тұлғаның заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_
7. Банктің банктік сәйкестендіру коды: \_\_\_\_\_
8. Есеп айырысу/карточкалық шот нөмірі: \_\_\_\_\_
9. Қайтару түрі \_\_\_\_\_  
(1. сот сараптамасын жүргізбей  
2. сот сараптамасының қорытындысы негізінде өтеу)
10. Мүлікті ерікті сақтандыру шартының болуы: \_\_\_\_\_
11. Объект түрі: \_\_\_\_\_  
ерікті түрде (сауда, тамақтану, қонақ үй, жол бойындағы сервис)
12. Өтемақының жалпы сомасы: \_\_\_\_\_
13. Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі: \_\_\_\_\_

дара кәсіпкердің/занды тұлға өкілінің тегі,  
аты, әкесінің аты (бар болса),  
күні, қолы, мөрі (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу қағидаларына

3-қосымша

Нысан  
2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынның  
өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия

\_\_\_\_\_ (облыстың)

### Мүлікті ерікті сақтандырудың жоқтығы туралы өтініш

дара кәсіпкердің/заңды тұлғаның атауы

осы өтінішпен 2024 жылғы су тасқыны салдарынан материалдық залал келтірілген мүлік Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандырылмағанын растаймын.

\_\_\_\_\_ дара кәсіпкердің/заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы, мөрі (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынға  
өтемақы төлеу қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынның  
өтемақысын айқындау жөніндегі  
өңірлік комиссия

\_\_\_\_\_ (облыстың)

### Мүлік иесіне не оның өкіліне ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық жөнінде ескертілгені туралы хабарлама

Мен, \_\_\_\_\_,

дара кәсіпкердің/заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2024 жылы су тасқыны салдарынан келтірілген мүліктік шығынның өтемақысы мөлшерін айқындау үшін құжаттар ұсындым.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес маған көрінеу жалған құжаттарды және (немесе) осындай құжаттарда көрсетілген анық емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

\_\_\_\_\_ дара кәсіпкердің/заңды тұлға өкілінің тегі,  
аты, әкесінің аты (бар болса),  
күні, қолы, мөрі (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын  
және орта кәсіпкерлік  
субъектілеріне келтірілген  
мүліктік шығынға өтемақы  
төлеу қағидаларына

5-қосымша

Нысан

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынның  
өтемақысын айқындау жөніндегі  
өңірлік комиссия

\_\_\_\_\_ (облыстың)

### Бағалау, сараптама ұйымдарын, сондай-ақ адвокаттарды немесе өтемақының мөлшерін айқындау үшін тартылатын өзге де адамдарды олар ұсынатын құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы үшін қылмыстық жауаптылық жөнінде ескертілгені туралы хабарлама

Мен, \_\_\_\_\_,

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін айқындау бойынша сараптама/бағалау жүргіздім. \_\_\_\_\_

дара кәсіпкердің/заңды тұлғаның атауы

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне сәйкес маған көрінеу жалған қорытынды/бағалау немесе қорытындыда/бағалауда көрсетілген анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

\_\_\_\_\_ дара кәсіпкердің/заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы, мөрі (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және  
орта кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынға  
өтемақы төлеу қағидаларына

6-қосымша

Нысан

2024 жылғы су тасқыны  
салдарынан шағын және  
орта кәсіпкерлік субъектілеріне  
келтірілген мүліктік шығынның  
өтемақысын айқындау жөніндегі  
өңірлік комиссия

\_\_\_\_\_ (облыстың)

Мемлекеттік кірістер органдарынан, фискалдық деректер операторларынан мәліметтерді сұратуға және алуға келісім

2024 жылғы су тасқыны салдарынан материалдық залал келтірілген дара кәсіпкердің/занды тұлғаның атауы

осымен 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу қағидаларында белгіленген коэффициенттерді ескере отырып, өткен жылдағы орташа айлық айналымдар негізінде өтеу сомасын одан әрі есептеу үшін мемлекеттік кірістер органдарынан, фискалдық деректер операторларынан өткен жылдағы айналым сомалары туралы мәліметтерді сұратуға және алуға өз келісімімді білдіремін.

\_\_\_\_\_ дара кәсіпкердің/занды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы, мөрі (бар болса)

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынға өтемақы төлеу қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүліктік шығынның өтемақысын айқындау жөніндегі өңірлік комиссия

(облыстың)

Автомобиль көлік құралын толық сақтандыру шартының жоқтығы туралы өтініш

\_\_\_\_\_, дара кәсіпкердің/занды тұлғаның атауы

осы өтінішпен автомобиль көлік құралы, атап айтқанда:

2024 жылғы су тасқыны салдарынан материалдық залал келтірілген

Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандырылмағанын растаймын.

\_\_\_\_\_ дара кәсіпкердің/занды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), күні, қолы, мөрі (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат 24. Сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті орган өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органдарға пана іздеген адамдардың шыққан елдері туралы ақпарат алуға жәрдем көрсетеді, сондай-ақ босқындар мәселелері жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп, пана іздеген адамдарға көмек беру мүмкіндіктеріне қатысты халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

# СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

**6 ЖЫЛДЫҢ ЖҮЗІ БОЛДЫ БІЗ ЖУРНАЛЫМЫЗДЫҢ «СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР» АТТЫ АЙДАРЫНДА ЖУРНАЛДЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС САНАТЫНА ЖАТҚЫЗЫЛҒАН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ТӘН СЕМИНАР ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС БОЙЫНША СҰРАҚТАРДЫ ҰСЫНЫП КЕЛЕМІЗ.**

**ЖУРНАЛДЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ №2 САНЫНДА СЕМИНАР ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ СҰРАҚТАРЫН ҰСЫНАМЫЗ. СОНЫМЕН БҮЛ СҰРАҚТАРДЫҢ СИПАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ МЫНАНДАЙ:**

**№1 сұрақ:** *Азамат Айназарұлы Жаманов - Ақтөбе облысының "Восход-хром" ЖШС еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженері*

**Жауапты дайындаған:**  
*Вице-президент Енсебаев Б.К.*

Оқытылатын материалдың кейбір негізгі түсініктерін тыңдаушыларға қосымша қайтадан түсіндіру қажет.

Сабақ барысында арнайы кәсіби термин-

дерге, сондай-ақ, кәсіби лексиканы қолдануға көп көңіл бөлу қажет.

Арнайы терминологияны жақсы меңгеру үшін әр уақытта қолданылатын терминдерді тақтаға жазып, терминдердің меңгерілуін бақылау қажет.

Көбінесе зейін қабылданатын материалдың көрнекі қасиеттеріне байланысты: олар неғұрлым мәнерлі болса, есту қабілеті нашар тыңдаушыларға тақырыптың немесе құбылыстың ақпараттық белгілерін бөліп көрсету оңайырақ болады.

Оқу процесінде әр түрлі көрнекі материалдарды пайдалану ұсынылады. Түсінуі қиын тақырыптарды мүмкіндігінше көрнекі материалмен қамтамасыз ету керек.

Есту қабілеті бұзылған адамдарды оқытуда бейнематериалдар ерекше рөл атқарады.

Мүмкіндігінше ұсынылған бейнеақпарат мәтіндік жүгіртпе жолымен немесе сурдологиялық аудармамен сүйемелденуі қажет.

Бейнематериалдар бейне арқылы жазуға болатын үрдістер мен құбылыстарды зерттеуге көмектеседі; анимация бейнежазбаға жарамсыз әр түрлі динамикалық модельдерді бейнелеу үшін пайдалануға болады.

Әңгімелесуді есту қабілеті нашар адамның назарын аудару арқылы бастау керек.

Есту қабілеті нашар адаммен сөйлескенде, оның бет-жүзіне қарап отырып сөйлесіңіз. Бетіңізді жауып алмаңыз: әңгімелесуші сөйлесу барысында бет-әлпетіңіздің көрінісін бақылай алуы керек.

Анық және нық сөйлеңіз. Ештеңеге артық мән бермеу керек.

Егер бір нәрсені қайталауды сұраса, сөйлемді қайталап беруге қиналмай, қайта түсіндіргеніңіз абзал.

Қимылдарды қолданған тиімді. Әңгімелесуде қарапайым қысқа сөйлемдерді қолданып, білім алушылар үшін бейтаныс сөз тіркестерін қолданудан сақтану керек.

Жаңа кәсіби терминдерге түсініктеме бермес бұрын:

- әр сөздің түпкі мағынасына талдау жасап алыңыз;
- сұрақ қою арқылы сізді түсінгеніне көз жеткізіңіз.

Егер есту қабілеті нашар адамның жауабы немесе сұрағы түсініксіз болса, ол не айтқысы келгенін қайталауын немесе жазуын сұрауға болады.

Оқу-әдістемелік презентациялар есту қабілеті нашар адамдарға ақпаратты жеткізу процесінде қолдануға болатын ұйымдастырушылық формалардың бірі болып табылады.

Абстрактілі ойлауды көрнекілікпен үйлестіру қағидаларына негізделген материал - бұл әр тақырыптың мазмұнын кішкене мәтіндік түсіндірмемен көрсететін белгілі бір иллюстрациялар жиынтығы болып табылады.

Жазбалардың көлемін азайту үшін зерттелетін ұғымдарға жеңілдетілген сызбалық көрініс беретін анықтамалық жазбаларды, әр түрлі сызбаларды қолданған жөн.

### 3.2. Көру қабілеті бұзылыстары бар тұлғаларды оқыту

Көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушыларды оқытудың ерекшелігі төмендегідей:

- оқу жүктемелерін мөлшерлеу;
- оқытудың арнайы формалары мен әдістерін, түпнұсқа оқулықтар мен көрнекі құралдарды, сондай-ақ оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін кеңейтетін оптикалық және тифлопедагогикалық құралдарды пайдалану;
- оқу кабинеттерін арнайы безендіру;
- емдеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- әлеуметтік-еңбекке бейімдеу бойынша жұмысты күшейту.

Сабақ барысында білім алушылар оқылатын материалды практикалық тексерудің максималды көлемін қамтамасыз ете отырып, бір әрекет түрінен екіншісіне жиі ауысуы керек.

Сабақ барысында көру қабілеті нашар адамдар үшін үздіксіз көру жүктемесінің рұқсат етілген ұзақтығын ескеру қажет.

Көру жұмысы кезінде нашар көретіндер тез шаршайды, бұл олардың жұмысқа қабілеттілігін төмендетеді.

Көрнекі жұмыстарды мөлшерлеу кезінде оған ерекше мән беру керек.

Еңкею, жоғары және төмен секіру, ауыр салмақты көтеру сияқты көптеген жалпы әре-

кеттер көру қабілеті нашар адамдар үшін қолайсыздық тудыруы мүмкін, өйткені, олар көру қабілетінің нашарлауына ықпал етуі әбден ғажап емес.

Көру қабілеті нашар адамдар ақпаратты игеру үшін көбірек қайталау мен жаттығуды қажет етеді.

Шу деңгейінің жоғарылауы, діріл, ұзаққа созылған дыбыс әсерлері жағдайында сабақтарды өткізу кезінде есту анализаторының шаршау сезімі және кеңістікте бағдарсыздық дамуы мүмкін.

Дәріс түріндегі сабақтардың көру қабілеті нашар адамдарға сабақ кезінде дыбыс жазу құрылғылары мен компьютерлерді жазып алу тәсілі ретінде пайдалануға рұқсат беру керек. Ақпаратты білім алушының мүмкіндіктерінің шектеу ерекшелігіне қарай ұсыну қажет: үлкен қаріп (16-18 өлшем), диск жетегі (дыбыстық бағдарламасы бар компьютермен оқуға арналған), аудио файлдар.

Тақтаға жазылғанның бәрі айтылуы керек.

Тақтадағы қимылдарыңыз бен жазуларыңызға түсініктеме беріп, ым-ишара арқылы жиі айтылатын нәрсені сөзбен жеткізу керек.

Дауыстап оқығанда алдымен бұл туралы ескерту керек.

Оқуды қайталаумен алмастыруға болмайды.

Тәжірибелік сабақтарды өткізу кезінде көру қабілеті нашар адамдарға кеңістікте бағдарлауға көмектесу қажет (экскурсиялар жасау).

Көру қабілеті нашар білім алушы жаңа бөлмеде болса, сіздер тұрған жерді сипаттауыңыз керек.

Мысалы: «Аудиторияның ортасында, сізден шамамен алты қадам жерде, оң және сол жағымызда қатар-қатар үстелдер бар, алдымызда тақта бар».

Немесе: «Сіз кіргенде есіктің сол жағында шкаф бар».

Денсаулыққа «қауіпті» заттарды көрсетіңіз.

Сабақтар барысында сіз өз есіміңізді атап, басқа әңгімелесушілерді, сондай-ақ, бөлмеге жаңадан келген қалған қатысушыларды таныстыруыңыз керек.

Көзі нашар көретін адамдар тобымен қарым-қатынас жасағанда әрдайым сөйлесіп тұрған адамның есімін атау қажет.



Әңгімелесушіні бос сөйлеуге мәжбүрлеуге болмайды: егер сіз қозғалатын болсаңыз, оны ескертіңіз.

Көру қабілеті нашар адамды бейтаныс затпен таныстырған кезде оның қолын заттың бетіне жүргізбеу керек, оған затты еркін ұстауға мүмкіндік беру керек (жеке қорғаныс құралдарына қатысты), зерттелетін заттың бірқатар техникалық сипаттамаларын (икемділік және (немесе) икемділік, сынғыштық, ауырлық және т.б.) анықтау және тактильді түрде қалыптастыру керек.

Егер сізден қандай да бір затты алуға көмектесуді сұраса, көру қабілеті нашар адамның қолын затқа қарай тартып, бұл затты оның қолымен алмау керек, оған бұл затты берген дұрыс немесе оған әкелген дұрыс.

Көру қабілеті нашар адамның бағытынан адасқанын немесе оның алдында кедергі бар екенін байқаған соң, оның қозғалысын алыстан бақылап тұруға болмайды, жақындап, дұрыс жолға шығуға көмектесу керек.

Егер жақындау мүмкін болмаса, қауіп туралы дауыстап ескерту керек.

### 3.3. Тірек-қимыл аппараты бұзылған (Сал ауруы) тұлғаларды оқыту.

Сал ауруына шалдыққан адамдар көбінесе танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және тұлғалық дамудағы бұзылулармен үйлесетін әр түрлі қозғалыс патологиялары бар адамдардың үлкен тобын құрайды.

Осы санаттағы адамдарды төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекетке оқыту емдеу мекемесінің немесе оңалту орталығының базасында емдеу-сауықтыру жұмыстарының аясында жүргізілуі мүмкін.

Тірек-қозғалыс аппаратының (ТҚА) зақымдану ерекшелігі салыстыру, маңызды және маңызды емес белгілерді таңдау, себептік байланысты орнату, қолданылатын ұғымдардың дұрыс еместігі сияқты операцияларды баяу қалыптастыруы мүмкін.

Саусақтардың ұштарының ауыр зақымдануында кейбір пәндік-тәжірибелік әрекеттерді меңгеруде қиындықтар туындайды.

ТҚА зақымдануы көбінесе көру, есту, сезімталдық, кеңістіктік бағдарлау бұзылыста-

рымен байланысты болады.

Бұл кеңістіктегі заттардың және өз денесінің бөліктерінің орнын анықтайтын түсініктердің баяу қалыптасуынан, фигураларды тану мен жаңғыртудан, бөліктерден біртұтас біріктіруден көрінеді.

ТҚА бұзылыстары зейін мен есте сақтаудың бұзылуында, дисперсияда, зейіннің тарылуында, есту жадының визуалды жадтан басым болуында көрінеді.

Эмоционалды бұзылулар қозғыштықтың жоғарылауы, қорқыныштың көрінісі, көңіл-күйдің өзгеруіне бейімділік түрінде пайда болады.

Сабақтың ұзақтығы 1,5 сағаттан аспауы керек (күніне 3 сағат), содан кейін 10-15 минуттық үзіліс ұсынылады.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін аудиториядағы оқу орнын анықтау қажет, білім алушыға тапсырманы орындау үшін ыңғайлы қалыпты таңдауға рұқсат беру керек (отыру, тұру, сүйену және т.б.).

Сабақтарды өткізу кезінде ауызша және тәжірибелік жұмыстардың көлемі мен формаларын, аудиторияның жұмыс қарқынын ескеріп, мүмкіндігінше сабақтарды өткізу тәртібін өзгерту керек.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған адамдардың толық көлемде ақпарат алуы үшін дыбыстық хабарламаларды көрнекі түрде қайталау, көрнекі материалдарды, оқу бейнематериалдарын пайдалану қажет.

ТҚА бұзылған адамдар санатымен жұмыс істеу кезінде білім алушылардың танымдық қызметін жандандыратын, ауызша сөйлеуді дамытатын және қажетті оқу дағдыларын қалыптастыратын әдістерді қолдану қажет.

Физикалық кемшілік әлеуметтік позицияға, оның қоршаған әлемге қатынасына айтарлықтай әсер етеді, нәтижесінде жетекші іс-әрекеттің бұрмалануы және басқалармен қарым-қатынас болады.

Оларда жеке дамудың бұзылуы байқалады: іс-әрекетке деген мотивацияның төмендеуі, қозғалыс пен қарым-қатынасқа байланысты қорқыныш, әлеуметтік байланыстарды шектеуге деген ұмтылыс.

Эмоционалды-еріктік бұзылулар

қозғыштықтың жоғарылауында, сыртқы тітіркендіргіштерге шамадан тыс сезімталдықта және ұялшақтықта байқалады.

Кейбіреулерінде мазасыздық, басқаларында пассивті және қозғалыс тежелуі байқалады.

Мүгедектер арбасындағы адаммен қарым-қатынас кезінде сіз көзіңізді бір деңгейде ұстауыңыз керек. Арбаға сүйенуге болмайды.

Сіз арбаны оның ішінде отырған адамның келісімінсіз қозғай алмайсыз.

Сіз оған көмек қолын созбас бұрын бұрын «Көмек қажет пе?» деп сұрауыңыз керек.

Есіктерді ашу немесе бөлмелерде жоғары табалдырықтар болған кезде көмек ұсыну қажет.

Егер көмек туралы ұсыныс қабылданса, нұсқауларды нақты орындау арқылы не істеу керектігін сұрау керек.

Арбаны баяу жылжыту керек, өйткені ол жылдамдықты тез көтереді және күтпеген итеру тепе-теңдікті жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Психикалық проблемалары бар тұлғаларда эмоционалдық бұзылыстар болуы мүмкін. Егер мұндай бұзушылықтары бар адам ренжісе, оған көмектесу үшін не істеуге болатынын абайлап сұрау керек.

Психикалық ауытқулары бар адаммен, тіпті бұл үшін негіз болса да, күрт бас сала сөйлесуге болмайды.

Сөйлеуде қиындықтарға тап болған адамдармен қарым-қатынас кезінде: сөзін бөлуге және түзетуге болмайды.

Сөйлеуі қиын адаммен сөйлесуге көп уақыт кететініне дайын болу керек.

Қысқа жауап немесе бас изеуді қажет ететін сұрақтар қоюға тырысыңыз. Гиперкинези бар адамдармен қарым-қатынас кезінде (дененің немесе аяқ-қолдың еріксіз қозғалысы): әңгімелесу кезінде әңгімелесушінің еріксіз қимылдарына мән бермеңіз, өйткені, сіз маңызды нәрсені жіберіп алуыңыз мүмкін.

Нұсқаушы педагогикалық әдептілікті көрсетіп, білім алушылар үшін сәттілік жағдайларын жасауы, уақтылы дер кезінде көмек көрсетуі, өз күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімін дамытуы тиіс.

### 3.4. Мүгедек тыңдаушылармен жұмыс істеу бойынша жалпы ұсынымдар

Оқытудың аудиовизуалды техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;

Тапсырманы түсіндіру кезінде тыңдаушыларға жақынырақ болу;

Білім алушылардың жауаптарын жазу үшін диктофонды пайдалануға рұқсат ету.

Кішігірім мінез-құлық бұзылыстарын елемей.

Байқаусызда болатын жол берілмейтін мінез-құлық жағдайында араласу шараларын әзірлеу.

#### № 1 Қосымша

#### Төтенше жағдай кезінде ұсынылатын төсеу сөмкесінің құрамы

##### № Атауы

1 Құжаттар. Жеке куәліктің немесе барлық отбасы мүшелерінің туу туралы куәліктерінің көшірмелерін жасаңыз Сондай-ақ, сізге жүргізуші куәлігі, неке туралы куәлік және төлқұжат қажет болуы мүмкін. Барлық көшірмелерді ламинаттаған жөн.

2 Ақша. Сөмкеге тек қолма-қол ақша ғана емес, сонымен қатар қосалқы банк картасын салыңыз,

3 Су. Отбасының әр мүшесіне кем дегенде екі литр су қажет болады. Сыйымдылық ретінде пластикалық бөтелкелерді қолданған дұрыс.

4 Тамақ. Барлық тағам жоғары калориялы, герметикалық оралған және ұзақ сақтау мерзімі болуы керек. Тәтті батончиктер мен консервілер өте жақсы үйлеседі.

5 Жеке күтім құралдары: кішкене сабын, дәретхана қағазы, дымқыл майлықтар, антисептикалық гель.

6 Жылы киім және көрпе. Синтетикалық матадан жасалған өнімдерді алған дұрыс - олар жеңіл және көп орын алмайды.

7 Сіріңкелер. Олар су өткізбейтін болғаны жөн.

8 Радиоқабылдағыш. Ұялы байланыс болмаған жағдайда құтқарушылармен байланысу үшін қажет.

9 Батареямен жұмыс істейтін фонарь.

Егер электр қуаты өшірулі болса, сізге қажет болады.

10 Ысқырық. Құтқарушыларға сигнал беру үшін қажет.

11 Қобдиша.

Ескерту: Бұл өмір сүру үшін қажет ең аз жиынтық. Оған портативті зарядтағыш, сағат, арқан, пышақ, қасық, қосалқы іш киім жиынтығы және тігін керек-жарақтарын қосуға болады. Егер сізде кішкентай балалар болса, жиынтыққа жаялықтар мен балалар тағамдарын қосыңыз.

Алғашқы көмек жинағының ұсынылатын құрамы

№ Препараттың атауы

- 1 Ауырсынуды басатын дәрілер
- 2 Қызу түсіретін препараттар
- 3 Ішек инфекциясын емдеу құралдары
- 4 Аллергияға қарсы препараттар
- 5 Антисептиктер: сутегі асқын тотығы және спирт
- 6 Таңғыш материалдар: бинттер, пластырьлер, мақта дискілері
- 7 Қан кетуді тоқтатуға арналған таңғыш
- 8 Кең спектрлі антибиотиктер






Ескерту: Егер сізде немесе сіздің жақындарыңызда созылмалы аурулар болса, оларды емдеуге арналған дәрі-дәрмектерді алғашқы көмек жинағына салыңыз.

**№ 2 қосымша**

**Өрт қауіпсіздігі белгілері**

Өрттің пайда болуын болдырмау мақсатында адамның іс-қимылын реттеуге, сондай-ақ өрттен қорғау құралдарының, хабарлау құралдарының, жану (өрт) пайда болған кезде белгілі бір іс-әрекеттерге нұсқама, рұқсат немесе тыйым салу орындарын белгілеуге арналған қауіпсіздік белгісі.

Түсті графикалық сурет	Мағынасы	Орналастыру (орнату) орны және қолдану жөніндегі ұсынымдар
	Өрт краны	Өрт жеңімен және оқпанмен өрт краны жиынтығының орналасқан жерінде
	Өрт сатысы	Өрт сатысы орналасқан жерлерде

	Өрт сөндіргіш	Өрт сөндіргіш орналастырылған жерлерде
	Өрт кезінде пайдалануға арналған телефон (оның ішінде өрт күзетімен тікелей байланыс телефоны)	Өрт сөндіру күзетін шақыруға болатын телефон орналасқан жерлерде
	Өрттен қорғаудың бірнеше құралдарын орналастыру орны	Бір мезгілде бірнеше өртке қарсы қорғаныс құралдары орналасқан (орналастырылған) орындарда
	Өрт су көзі	Өрт су қоймасы немесе өрт сөндіру машиналарына арналған пирс орналасқан жерлерде
	Өрт гидранты	Жерасты өрт гидранттары орналасқан жерлерде. Белгіде белгіден гидрантқа дейінгі қашықтықты метрмен көрсететін сандар болуы керек








	Өрт автоматикасы қондырғыларын (жүйелерін) қосу түймесі	Өрт дабылы, өрт сөндіру қондырғыларын және (немесе) түтінге қарсы қорғау жүйелерін қолмен іске қосу орындарында. Өрт дабылы сигналын беру орындарында (пункттерінде)
	Өрт дабылының дыбыстық хабарлағышы	Дыбыстық хабарлағыш орналасқан жерлерде немесе Ж 11 "Өрт автоматикасы қондырғыларын (жүйелерін) қосу түймесі" белгісімен бірге







№ 3 қосымша






Эвакуациялық белгілер

Өрт эвакуациясының белгілері - бұл ғимараттағы адамдарға өрт болған жағдайда ғимараттан қалай қауіпсіз және тиімді шығу керектігі туралы хабарлайтын тақтайшалар. Эвакуациялық белгілер - өрт қауіпсіздігі белгілері топтарының бірі.

Түсті графикалық сурет	Мағынасы	Орналастыру (орнату) орны және қолдану жөніндегі ұсынымдар
	Шығу (сол жақ)	Сол жағынан ашылатын эвакуациялық шығу есіктерінің үстінде (немесе есіктерінде). Үй-жайлардың қабырғаларында эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін бағыттаушы белгімен бірге
	Шығу (оң жақ)	Оң жағынан ашылатын эвакуациялық шығу есіктерінің үстінде (немесе есіктерде). Үй-жайлардың қабырғаларында эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін бағыттаушы белгімен бірге

	Бағыттаушы белгі	Қозғалыс бағытын көрсету үшін басқа эвакуациялық белгілермен бірге ғана пайдаланыңыз
	Бағыттаушы белгі 45° бұрышта	Қозғалыс бағытын көрсету үшін басқа эвакуациялық белгілермен бірге ғана пайдаланыңыз
	Эвакуациялық шығуға оңға қарай бағыт	Эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында
	Эвакуациялық шығуға солға қарай бағыт	Эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында
	Эвакуациялық шығуға жоғары оңға қарай бағыт	Көлбеу жазықтық бойынша эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында
	Эвакуациялық шығуға жоғары солға қарай бағыт	Көлбеу жазықтық бойынша эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында
	Эвакуациялық шығуға төмен оңға қарай бағыт	Көлбеу жазықтық бойынша эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында

	Эвакуациялық шығуға төмен солға қарай бағыт	Көлбеу жазықтық бойынша эвакуациялық шығуға қарай қозғалыс бағытын көрсету үшін үй-жайлардың қабырғаларында
	Эвакуациялық шығу есігінің көрсеткіші (оң жақ)	Эвакуациялық шығу есіктерінің үстінде
	Эвакуациялық шығу есігінің көрсеткіші (сол жақ)	Эвакуациялық шығу есіктерінің үстінде
	Тіке эвакуациялық шығуға бағыт (оң жақ)	Өтпе жолдардың, саңылаулардың үстінде, үлкен аумақтағы бөлмелерде. Ол жоғарғы деңгейге қойылады немесе төбеге ілінеді
	Тіке эвакуациялық шығуға бағыт (сол жақ)	Өтпе жолдардың, саңылаулардың үстінде, үлкен аумақтағы бөлмелерде. Ол жоғарғы деңгейге қойылады немесе төбеге ілінеді
	Баспалдақпен төмен қарай эвакуациялық шығуға бағыт	Баспалдақ алаңдарында және баспалдақ маршына іргелес қабырғаларда

	Баспалдақпен төмен қарай эвакуациялық шығуға бағыт	Баспалдақ алаңдарында және баспалдақ маршына іргелес қабырғаларда
	Баспалдақпен жоғары эвакуациялық шығуға бағыт	Баспалдақ алаңдарында және баспалдақ маршына іргелес қабырғаларда
	Баспалдақпен жоғары эвакуациялық шығуға бағыт	Баспалдақ алаңдарында және баспалдақ маршына іргелес қабырғаларда
	Кіру үшін мұнда ашыңыз	Есіктерде, үй-жайлардың қабырғаларында және бөлмеге, басқа жерлерде кіру немесе шығу үшін белгілі бір құрылымды ашу қажет болған кезде, мысалы, шыны панельді сындыру және т. б.
	Өзіңізден әрі қарай қозғалыспен ашыңыз	Есіктердің ашылу бағытын көрсету үшін үй-жайлардың есіктерінде

	Өзіңізге қарай қозғалыспен ашыңыз	Есіктердің ашылу бағытын көрсету үшін үй-жайлардың есіктерінде
	Ашу үшін жылжыту	Жылжымалы есіктерді ашу жөніндегі іс-қимылдарды белгілеу үшін үй-жайлардың есіктерінде
	Жинау пункті (орны)	Өрт, апат немесе басқа да төтенше жағдай туындаған жағдайда адамдардың алдын ала көзделген жинау пункттерін (орындарын) белгілеу үшін үй-жайлардың есіктерінде, қабырғаларында және басқа да орындарда
	Шығу белгісі	Эвакуациялық шығу жолының бағытын көрсету үшін эвакуациялық шығу есіктерінің үстінде немесе аралас қауіпсіздік белгілерінің құрамында
	Қосалқы шығу белгісі	Қосалқы шығу есіктерінің үстінде

# 20 ЖЫЛ БҰРЫН БІЗ НЕ ЖАЗДЫҚ

(№2(18), 2004ж)

## "СІЗДІҢ ОТБАСЫҢЫЗҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС" (ЖАДНАМА)



*ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ЕГЕМЕНДІЛІК ҰҒЫМЫМЕН ӨЗІ СЕКІЛДІ БЕЙБІТ ЖӘНЕ ТЫНЫШ ӨМІРДІ АҢСАЙТЫН КӨРШІЛЕС ХАЛЫҚТАРМЕН БІРГЕ АЛАҢСЫЗ ТІР-ШІЛІК ЕТУДІ ҮМІТІН БАЙЛАНЫСТЫРЫП КЕЛЕДІ. ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН БАС ТАРТЫП, ЖАППАЙ ҚАРУЛАНУ МЕН ӨЗГЕНІ БАСЫП АЛУҒА ҚАРСЫ ШЫҒУЫ ЖАС ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫНЫҢ БІРІ ЕДІ. БІРАҚ, ӘЛЕМ БІЗБЕН БІРГЕ ЖАҚСЫ ЖАҚҚА ҚАРАЙ ӨЗГЕРГІСІ КЕЛМЕДІ. БҰРЫН ДА, ҚАЗІРДЕ ДЕ БІЗДІҢ ШЕКАРАМЫЗҒА ЖАҚЫН АЙМАҚТАРДА СОҒЫСТАР ЖҮРІП ЖАТЫР. СОНДЫҚТАН ДА ХАЛЫҚТЫ, ЭКОНОМИКА МЕН АУМАҚТАРДЫ ҚАЗІР-ГІ ЗАМАННЫҢ ЗАҚЫМДАУШЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЗАҚЫМДАУШЫ (ҚИРАТУШЫ) ФАКТОРЛАРЫНАН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАРДЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСҚА ҚАЙТА КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ.*

*БАСҚА ЖАҚТАН КЕЛЕТІН, ҚАЗІРДЕ БІЗ ТЕК ТЕЛЕДИДАРДАН ЕСТІП-КӨРІП ЖҮРГЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰҚПА, ХИМИЯЛЫҚ ҚАРУ, РАДИАЦИЯ СИЯҚТЫ КЕСЕЛДЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?*

*МІНЕ, ОСЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ БІЗ ТОҚТАП КЕТСЕК ДЕЙМІЗ.*

**БІЗГЕ НЕ ҚАУІП ТӨН-ДІРУІ МҮМКІН?**

(табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ-дан басқа)

**-террористік актілер**  
**-шекара маңындағы соғыстар**  
**-әскери агрессия**

Осы зілзалалардың әрбірі адамдардың қаза табуына, кемтар болуына және көптеген материалды шығынға ұшыратуға әкелуі мүмкін. Олардың әрбірі бір немесе бірнеше сценарий бойынша жүруі мүмкін.

- Белгілі бір аумаққа ядролық қару арқылы әсер ету.
- Белгілі бір аумаққа химиялық қару арқылы әсер ету.
- Белгілі бір аумаққа биологиялық қару арқылы әсер ету.
- Белгілі бір аумаққа қарапайым зақымдаушы құралдар арқылы әсер ету.

**ҚАУІПТІ АУМАҚТА ҚАЛҒАНДАРҒА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?**

"БАРШАЛАРЫҢЫЗДЫҢ НАЗАРЫҢЫЗҒА АУДАРЫҢЫЗ!" деген дабылды білдіретін сиренаның дауысына зейін қойып, мән беріңіз.

Бұл дабыл халықты қауіп туғандығы жайлы хабардар етеді:

- бейбіт кезде -дүлей зілзала, авария, апат қауіпін немесе пайда болғандығын ескертеді;  
- соғыс кезінде - қарсыластардың басып алу қауіпі туғандығын ескертеді.

Бұл дабылды естігеннен кейін сіз радио қабылдағышты және теледидарды қосып, тиісті билік органдарының немесе ТЖ және АҚ жөніндегі басқару органдарының шұғыл хабарын тыңдауыңыз қажет. Әрі қарай хабарда естігендеріңізді істеуіңіз керек.

Қазіргі кезде нақты қарсылас жарылғыш заттардан тұратын зымырандар мен құрамында жарылғыш заттармен қоса химиялық және биологиялық қосындылары бар зымырандарды қолданатыны белгілі болды.

Мұндай зымырандар жерге құлағанда ауаға салыстырмалы жарылыс арқылы адам өміріне қауіпті әр түрлі химиялық және биологиялық қосындылар тарайды.

Хабарламада жалпы болған оқиға айтылады, зақымдаушы заттың қысқаша сипаттамасы, барша халықтың атқаратын іс-қимылдың тәртібі беріледі. Бірақ барлық шешімдерді өз бетіңізше қабылдауға тура келеді.

**ТОСЫН ЖАҒДАЙЛАРҒА АЛДЫН АЛА ОТБАСЫН ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК?**

Отбасының әрбір мүшесі тосын жағдай пайда болғанда өзінің атқаратын міндеттерін білуі керек.

• Отбасының барлық мүшелерімен нақты қауіптіліктік пайда болғанда әрқайсысының атқаратын іс-қимылы жайлы әңгімелесіңіздер.

• Отбасы мүшелерін нақты жағдайда атқаратын қимылдардың тәртібіне үйретіңіз.

• Отбасы мүшелеріне ролдер мен міндеттерді жас және мүмкіндігіне сәйкес бөлу керек.

• Отбасы мүшелеріне электрқосқыштарды, су мен газдың магистралды крандарды қосатын орындарын көрсетіп қою керек.

Қандай жағдайда бұл крандарды жауып, электр қуатын қалай сөндіру керектігін көрсетіңіздер.

• Тосын жағдайға керекті қол астындағы заттардың сақталу орнын көрсету керек. Олардың сақталуы мен түзулігіне отбасының бір мүшесін жауапты етіп тағайындаңыз.

• Шұғыл жәрдем көрсететін органдардың (құтқару, медициналық, жөндеу) телефон және мекенжайлық анықтамаларын көрінетін жерге (телефонның тұсына) іліп қойыңыз.

• Үйде аз болатын отбасы мүшелерінің телефоны мен мекенжайын жазып, көрінетін жерге (телефонның тұсына) іліп қойыңыз.



• Тосын жағдайда отбасының кейбір мүшелері үйде болмай қалған жағдайда жиналатын орынды анықтаңыз. Мұндай орындардың екеу болғаны дұрыс. Оның бірі үйдің жанында, ал екіншісі қаланың басқа ауданында болсын.

• Тосын жағдайда бір-біріңізді жоғалтып алсаңыз көршілердің хабарласатыны жайлы немесе туыстардың қайсысымен келісіп алыңыз.

• Тосын жағдай пайда болғанда атқаратын міндеттер туралы отбасы мүшелеріне қайта-қайта ескерте беріңіз.

Тосын жағдайда өзара көмек пен көршілердің өзара жәрдемі үлкен роль атқарады.

**ТОСЫН ЖАҒДАЙҒА ҚАЛАЙША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?**

Кез-келген тосын жағдай күнделікті өмірдің күрт өзгеруімен, әдеттегі өмірдің бұзылуымен байланысты. Мұндай күрт өзгерістер ағзада физикалық та, эмоционалды да әр түрлі бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін.

Негізінде барлық адамдар қауіпті бірдей сезінеді.

Физикалық жағынан ол әлсіреуден, шаршаудан, асқа тәбеттің тартпауынан және т.б. білінеді.

Эмоционалды жағы алаңдаушылықтан, үрейден, қорқыныштан, білінеді.

Мұндай күй адамға тән болғанымен, керексіз өйткені, бұлар адам өмірін және мінез-құлқын әрі қарай бұзуы мүмкін.

Қандай да тосын жағдай болуы мүмкін екендігі әрдайым есте болуы керек.

Тосын жағдайдың сипаты жайлы неғұрлым көп білсеңіз, ондай жағдай туындағанда өз-өзіңізге сенімді боласыз.

Әрбір тосын жағдайда қалай ұстайтындығыңызды алдын ала ойластырып, бұл туралы білетін адамдардан алдын ала кеңес алыңыз. Күтпеген элементті тоқтатып, керек кезде есіңізді жинап аласыз.

Өзіңізді алаңдататын жағдайлар жайлы жақыныңызбен бөлісіңіз. Отбасының әрбір мүшесін жеткілікті түрде, психологиялық тұрғыдан да болуы мүмкін шығындарға дайындауға тырысыңыз. Үйдегі жақындарыңызды әлсіз адамға көмек көрсетуге "қол ұшын жалғауға" тәрбиеленіңіз.

**ӨЗІҢІЗДІ ТОСЫН ЖАҒДАЙДА ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК.**

• Жергілікті билік пен ТЖА-ның жергілікті органдарының барлық нұсқауларын нақты орындаңыз.

• Өзіңіздің сезінулеріңіз, бейімделе алатындығыңыз жайлы жақындарыңызбен айналадағыларыңызбен жатырқамай, бөлісіңіз.

• Өзіңіздің сезіміңізді білдіруге, көмек сұрауға қымсынбаңыз.

• Мүмкіндігінше қызмет көрсетіңіз. Көмек қажеттерге жәрдемдесіңіз.

• Өзіңізге демалу және ұйықтау керек екенін ұмытпаңыз.

• Айналадағыларыңыздың бөгде қылықтарына назар

аударыңыз.

Тоқтаусыз жылау, күлу, сөйлемей немесе көп сөйлеу адамның психологиялық тепе-теңдігінің бұзылуының айғағы.

**ҰЖЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚОРҒАНЫС ЗАТТАРЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ ҚАЖЕТ?**

Тыныс алу органдарын қорғайтын заттар

Әр түрлі жас ерекшелігі мен басқа да мақсатта тыныс алу органдарын, көз бен бет терісін қорғаудың жеке заттарының қазіргі кезде көп түрі бар. Бірақ олар жеткіліксіз және ылғи да қол астында емес.

Жеке қорғаныс құралы (ЖҚҚ) адамның ағзасына, тері қабатына және киімге радиоактивті заттар (РЗ), әскери уландыратын заттар (УЗ), қатты әсер ететін улы заттар (ҚӘУЗ) бактериалдық заттар (БЗ) түспеуге арналған.

ЖҚҚ өзінің арналуы бойынша тыныс алу органдарын, көзді, бетті жеке қорғау құралдары (оқшаулағыш және сүзгілеуші газқағарлар, респираторлар және қарапайым мақта-дәке таңғышы және шаңға қарсы матадан маскалар, теріні қорғайтын заттар (қорғайтын костюмдер және жинамаларға) бөлінеді.

Сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау бойынша ЖҚҚ сүзгі және оқшаулаушы болып бөлінеді.

Бұл бөліну тыныс алу органдарын қорғауда әр түрлі конструктивті шешімдермен, ал теріні қорғауда - жекелейтін



(ауа жібермейтін) немесе сүзгі (ауа жіберетін) материалдарды қолданумен іске асады.

Тыныс алу органдары мен теріні жеке қорғау заттарынан басқа, медициналық қорғау құралы бар: жеке медициналық қобдиша (ЖМКҚ-2), жеке химияға қарсы пакет (ЖХҚП-8, -9, 10, -11), жеке таңатын пакет (ЖТП).

### ГАЗҚАҒАР БАЙЛЫҚ ЕМЕС, ӨМІР СҮРУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ.

Егер сіз өзіңіздің және өзіңізге жақын адамдардың өмірін бағалайтын болсаңыз, сіз кейбір сатып алуға болатын құралдарды алып қоюыңыз керек. Тұрмыстық жағдайда пайдалануға мынадай газқағарлар мен респираторлар ыңғайлы:

- ересектердің азаматтық газқағарлары - ГП-5, ГП-5М, ГП-7 (Г.З N12 2002 ж, 31 бет), (улы заттардан, бактериалды аэрозольдер мен радиобелсенді шаңдардан қорғау үшін);

- балалар газқағарлары - КЗД-4, КЗД-6, (1,5 жасар балаларға арналған - балаларды қорғайтын камера), ДП-6М (1,5 - 7 жас) ПДФ-7, ПДФ-Д,

ПДФ-Ш, ПДФ-2Ш, ПДФ-2Д, (мектеп балаларына арналған) (А.А жорналдарынан плакаттар, суреттер)

- респираторлар - Р-2, ШБ-1, "Лепесток", "Кама", РПА-1, РПГ-67, РУ-60М, У-2ГП, "Уралец".

### ГАЗҚАҒАРДЫҢ ӨЛШЕМІН АНЫҚТАУ

Егер сіз, газқағардың шлем-маскасын дұрыс және бетіңізге сай таңдасаңыз ғана ол, сенімді түрде қорғайды. ГП-5 газқағарының шлем-маскасының керекті өлшемін дұрыс таңдау үшін басты (өлшегіш таспамен) самайды, бетті және иекті тығыз таңа отырып өлшеп алу қажет. Өлшем 0,5 см дейін дөңгеленеді.

Бастың өлшемі (см)	Шлем-масканың биіктігі
63-ке дейін	0
63,5-65,5	1
66,0-68,0	2
68,5-70,5	3
71,0 және одан да көп	4

Респиратор латынша тыныс дегенді білдіреді.

Респираторлар қауіпті газдардан, булардан, аэрозольдерден және шаңдардан жеңіл тыныс органдарын қорғайтын зат.

Р-2, ШБ-1 "Лепесток", "Кама", РПА-1, РПГ-67, РУ-60М, У-2ГП, "Уралец" респираторларын үй жағдайында қолдану ыңғайлы.

### РЕСПИРАТОРДЫҢ ӨЛШЕМІН АНЫҚТАУ

Беттің биіктігі (мм)  
Респиратордың өлшемі

99-дан 109 дейін	1
109-дан 119 дейін	2
119 және одан да жоғары	3

*Есіңізге сақтаңыз! Мерзімді түрде жаңартуды қажет ететін тыныс алу органдарын сақтайтын құралдар.*

### Қорғаныс үй-жайлары

Қазіргі кезде халықтың көпшілігі арнайы қорғаныс имараттарында паналай алмайтындықтан, әркім өз-өзін ойлау керек. Бүгінде біздің қол астымызда - типтік пәтерлері бар көпқабатты тұрғын үйлер, коттеждер және олардың астындағы үй-жайлар. Ірі елдімекендерде арнайы панаханалар бар, олардың қай жерде орналасқандығын сіздерге алдын ала жергілікті билік органдары, ПИК басшылары айтып, ескертуі керек. Бейбіт кезде панаханаларды пайдалану Қазақстан Республикасының сәйкес заңдарымен реттеледі.

Барлық жертөлелерді қорғаныс имараттары ретінде пайдалануға болады.

Жертөлелерді алдын ала дайындау. үйдің немесе көп қабатты үйдегі пәтердің астындағы жертөлелердің есік-терезелерін топырақ салынған қаптармен бітеу арқылы қорғаныс имаратына айналдыруға болады. Бейбіт кезде жертөле үй-жайларын ұстаудың мынадай қарапайым талаптарын сақтау қажет:

- жертөлелені қолданылмайтын ескі заттармен толтырмай, оның тазалығын сақтау керек;

- өткелдерден кез келген үлкен заттарды алып тастау керек;

- жертөле үй-жайларында тұтанғыш заттарды сақтамау керек.

- су құбыры мен канализация жүйесінің қызмет атқаратындығын тексеру қажет.

Тұрғын үй-жайларды алдын ала дайындау. Ол үшін үйдегі (пәтердегі) бір бөлмені болса да жабдықтаған жеткілікті.

\* Бұл ішкі бөлме болуы керек, яғни оның сыртқы қабырғалары мейлінше аз болып, бір терезесі (мүмкіндігінше кішкентай) мен бір есігі болуы керек.

\* Бұл бөлме әрбір адамға 5 шаршы/м болатындай үлкен болуы керек.

\* Бұл бөлмеде радио, телефон және теледидар қосуға арналған розетка болуы керек.

Бөлменің қорғаныс қасиетін жақсарту. Ол үшін мыналар қажет.

Әйнек салынған терезені бекіту.

Бұл кез келген жарылыс толқынынан әйнектердің жарықшақтарынан жарақаттануды азайту үшін жасалады.

Бекіту мынадай жолдармен жүргізіледі:

1. Желімденген полиэтилен жаймалардың немесе қалыңдығы 100 микрон болатын "өзі жабысатын пленканың" көмегімен:

11 әйнектерді әбден таза болғанға дейін жуылады;

12 жайманың бір бөлігін және әр қырына 2 см қосымша кесіп алынады;

13 сақтағыш қабатын жаймадан ажыратады;

14 жайманы терезенің ішкі әйнегіне жапсырады;

15 жайманың артық жерлерін әйнектің айналасынан кесіп қырқып алады;

16 осылайша әйнектің сырт жағына жапсырады.

2. Қалыңдығы 30 микрон және ені 50 мм-ден аспайтын мөлдір оқшаулағыш лентаның көмегімен:

21 әйнекке тігінен оқшаулағыш таспаның жиегін бір-біріне 5 мм қабаттай отырып жапсырады;

22 осылайша көлденеңінен жапсырады;

23 осы әдіспен әйнектің сыртқы бетіне де жапсырады.



Бөлме ішіндегі басқа да ойықтардыауа өткізбейтіндей етіп тығыздау

Терезелер:

1. Полипропиленнен (қалыңдығы 30 микрон және 50 мм) жасалған, терезенің айналасына қыстырылатын желімделген таспаның көмегімен мынадай орындарға:

11 әйнек пен терезе жақтауларының арасына;

12 терезенің жақтаулары мен ашылатын жерлеріне;

13 ашылатын орындар мен қабырғаның арасына;

14 осьтері мен терезенің жабылатын жақтауларына жапсырады.

Содан соң қалыңдығы 100 микрон полиэтилен жайма терезенің бүкіл бетін жабатындай алынып, желімденген таспаның көмегімен қабырғаға төрт жағынан жапсырылады, сонан соң екі тік және екі көлденең жолақ етіліп жапсырылады.

Есіктер:

Есікті жауып, арасындағы қуыс жолақ желімденеді, осылайша есік жақтаулары мен

қабырғаның арасы, кілт қуысы терезені ауа өткізбейтіндей етіп жапсырылады. Есік пен еденнің арасындағы қуыс ылғалды шүберекпен бітеледі.

Қорғаныс үй-жайларды жабдықтау.

Үйдегі қорғаныс үй-жайларда азық-түлік қоры ыңғайлы.

Тағамдар: қаңылтыр немесе шыныдан жасалған, су өткізбейтіндей сыйымдылықтардағы немесе аузы тығыз жабылған қаптамалардағы. Қорда ерекше күтуді қажет етпейтін азық-түліктер де: картоп, сәбіз, қызылша және т.б.; құрғақ және кептірілген, тез еритін, тез арада қолдануға болатын; әр түрлі консервілер (еттен, көкөністен және сүттен дайындалған), азық-түліктер мен мұздатылған жартылай дайындалған өнімдер болуы керек.

Тағамдардың қорын төтенше жағдай пайда болғанға дейін сақтау қажет емес. Ол қорды мезгілімен пайдалану мерзімі жақындап қалғандарды жана тағамдарға ауыстыру керек.

Міндетті түрде азық-түліктердің жарамдылық мерзіміне назар аударыңыздар.

Төменде қорда сақталатын азық-түліктердің мөлшерлі нормалары келтірілген (салмағы гр есебімен, бір аптаға алынған):

Азық-түліктер	Бір адамға	4 адамдық отбасына
Күріш, кеспе, жарма	420 г	1680 г
Құрғақ бұршақтар (фасоль, горох)	350 г	1400 г
Қант	350 г	1400 г
Өсімдік майы (кез келген)	175 мл	700 мл
Ұн және ұннан дайындалған өнімдер (нан, крекерлер, печеньеелер)	900 г	3600 г
Консервіленген жемістер	700 г	2800 г
Консервіленген және мұздатылған көкөністер	700 г	2800 г
Сиыр, қой, тауық, балық (консервілер немесе мұздатылған)	700г	2800 г
Шай	35 г	140 г
Кофе	140 г	560 г

Тазалық заттарын: сабын, тіс пастасы мен шөткелері, лосьондар, орамалдар, сулықтар, дәретхана қағазы және т.б.;

сулар: әр адамға тәулігіне 4 литр аузы тығыз жабылған шөлмектер және сыйымдылықтардағы. Су құбырынан алынған суды айына бір рет; сатып алынған суды жарамдылық мерзіміне сәйкес ауыстыру керек. Судың қорын қараңғы және салқын жерде сақтау керек;

байланыс құралдары: қосымша батареялары бар транзистор, мобильді, ұялы телефон, мүмкіндігінше телефон және телевизор;

жарықтандыру құралдары: авариялық жарықтандыру немесе қосымша батареялары бар шамдар;

қоқысқа арналған шелек және полиэтилен қаптар.

Болуы мүмкін кошуге дайындалу үшін мына заттар болуы керек:

Ішінде әрбір адамның жеке заттары салынған сөмке: негізгі құжаттар (жеке бастың куәлігі, төлқұжат, пәтердің құжаттары, несие карталары және т.б.), ауыстыратын киімдер, іш киім, шұлық, аяқ- киім, қосымша батареялары бар транзистор, мобильді телефон, керекті дәрілердің қоры, аздаған консервіленген тағамдар, аузы тығыз жабылған су, балауыздар, сіріңкелер, пышақ.

Ойықтары жабылған қорғаныс үй-жайлары (панаханалар немесе қарапайым пәтердегі тығыз жабылған бөлме болсын) газқағармен химиялық және бактериологиялық қарудан жоғары деңгейде қорғайтындығын білген жөн.

### ТОСЫН ЖАҒДАЙ ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ ҚАНДАЙ ІС-ҚИМЫЛДАР АТҚАРУ КЕРЕК?

• Сиренаның дыбыстық дабылын ести салып, радиоқабылдағышты, теледидарды және басқа да ақпарат құралдарын қосыңыз.

• Электрлі тұрмыстық құралдарды, газ плитаны сөндіріп, пәтердегі газ және су құбырларының крандарын жауып тастау керек.

• Барлық терезелер мен кіретін есіктерді жабу қажет.

• Отбасының әрбір мүшесінің жеке заттары салынып алдын ала дайындалған сөмкені алып, қорғаныс үй-жайларына кіру керек. Үй жануарларын қорғау үшін оларды да қорғаныс үй-жайына алып кіруге болады.

• Қорғаныс үй-жайын тығыздауды бітіру. Стандартты қорғаныс үй-жайында терезе, есік және ауа беруге арналған құбыр бар болса, оны да жабу қажет. Ойықтары тығыз жабылған бөлменің есігін жауып, есік пен жақтаудың арасын, жақтау мен қабырғаның арасын желімделген таспамен жапсырып шығу қажет. Есік пен еденнің арасын ылғалды шүберекпен жап.

Қорғаныс үй-жайларында астына жастық немесе матрац төсеп неғұрлым төмен (мүмкіндігінше еденде), сыртқы қабырғалар мен терезеден алыс отыру керек.

• Тиісті органдар БАҚ-тарының нұсқауымен алдын ала газқағардың сүзгісінен пломбаны шешіп және олардың ауа өткізбейтіндігін (газқағардың

жиынтығында болатын нұсқауға сай) тексеріп алған соң ғана оны кию керек.

Қорғаныс ғимараттарында мыналарды жасауға болмайды:

- бөлмені жылытуға;
- кондиционерлерді қосуға;
- газқағарды киіп ұйықтауға;
- от жағуға және темекі тартуға.

• Ғимараттар көп орналасқан аудандарда жүрген адамдар газқағарды киіп, тез арада қандай да бір үй-жайды паналауы керек. Көліктің ішіндегілер мәшинені жолдың шетіне тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріп, есіктер мен терезелерді, желдеткіш тесіктерді жауып, газқағарды киюлері керек.

• БАҚ-тарды тыңдап және олар арқылы берілген нұсқауларды орындаған жөн.

• Үй-жай ауа өткізгішінің бүтіндігін тексеріп отыру қажет.

### ТОСЫН ЖАҒДАЙДА КІШКЕНТАЙ БАЛАЛАР-МЕН ҚАЛАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ КЕРЕК?

• Тосын жағдайға байланысты балаларға өзіңіздің алаңдаушылығыңызды көрсетпеу керек.

• Егер бала мазасызданып, қорғаныс заттарын өзіне кигізбей жатса, оны алдымен тыныштандырып, ойын түрінде кигізу керек

• Баланы кітап оқу, балаларға арналған телехабарларды көрсету, сурет салу және оған қызықты нәрселер

арқылы қорқынышты жағдайдан алдарқату қажет.

• Баланы физикалық және моральді түрде қолдап, сергітіп оған көп көңіл бөлу керек.

• Балалардың қандай да бір талаптарды орындауына түсінушілікпен қарау керек.

### ТОСЫН ЖАҒДАЙДА НАУҚАСТАР НЕ ІСТЕУ-ЛЕРІ КЕРЕК?

Демікпесі бар және нашар көретін адамдар жеке қорғаныс заттарды пайдаланудың мынадай кейбір ережелерін сақтаулары қажет:

• газқағардың (респиратордың) маскасын, мақта-дөке таңғышты таңардың алдында ингаляторды пайдаланғаны (көрсетілген мөлшерге сай) жөн.

• Ұстама болған жағдайда дәрі қабылдау үшін жеке қорғаныс құралын бірнеше секундқа шешу керек.

• Жеке қорғаныс құралын киіп алған соң, азырақ қимылдаған жөн.

• Жеке қорғаныс құралын киіп тұрып, құсқан жағдайда оны шешу керек. Газқағар немесе респиратордың сүзгісін ағытып, оны дымқыл шүберекпен сүртіп, сүзгіні орнына бұрап, қайта кию қажет.

• Газқағардың астына көзілдірік кимеу керек, өйткені ол ауа кіргізеді. Егер көзілдіріксіз көрмесеңіз, оны газқағардың сыртынан киюге болады.

• Газқағарды пайдаланғанда линзаларды тек көз тітіркенбеген жағдайда ғана киюге болады.



БАҚ арқылы тиісті органдардан нұсқау алғаннан кейін ғана қорғаныс үй-жайларынан шығып, жеке қорғаныс құралдарын шешуге болады.

### ӘСКЕРИ УЛАНДЫ-РҒЫШ ЗАТТАРМЕН (УЗ) УЛАНҒАН АУМАҚТА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ТӘРТІБІ

Қарсылас жақтың халқын жаппай қыруға арналған әр түрлі уландырғыш заттар көптеген мемлекеттер қаруланған химиялық қарудың негізі болып табылады.

Химиялық қару қолданылды деген дабылды естігеннен соң барлық есіктер мен терезелерді тез арада жауып, газ бен электрлі жылытқыш құралдарды сөндіріңіз. Егер артық уақыт бар болса пәтердегі барлық ойықтарды суға дымқылданған шүберекпен тығыздау керек.

Қандай УЗ қолданылғандығын біліп алыңыз.

Өз бетіңізше сізге УЗ түрін анықтау қиын болады, сондықтан, ТЖ және АҚ органдарының ақпараттарын мұқият тыңдаңыздар және олардың

ұсыныстарын орындаңыздар.

Егер сіздің пәтеріңізге, үйіңізге уланғыш заттар еніп үлгерсе және сіз оның иісін сезсеңіз немесе буын байқасаңыз кез келген маркалы азаматтық газқағарды киіп алыңыз. Ол сіздің тыныс алу органдарыңызды 0,5 сағаттан 1,5 сағатқа дейін аммиак, метилхлорид және винилхлоридтен басқа улы заттардан қорғайды.

Егер сіздің газқағарыңыз болмаса тыныс алу органдарын қорғау үшін мақта-дәке таңғышты немесе суға немесе ас содасының 2%-ды ерітіндісіне (бір стакан суға 1,5-2 шай қасық ас содасын) батырылған кез келген матадан жасалған бұйымды, сонымен қатар сырт киімнің үлбірлі немесе мақталы (жағалары, жеңдері) бөліктерін пайдалануға болады. Зәрге батылған мата таңғыш сенімді құрал болып табылады.

Хабарлау құралдары арқылы тұрғын үйлерден кету туралы өкім түссе, тек тиісті органдардың нұсқаған бағытына қарай жүріңіз. Нақты

нұсқаулар болмаса желдің бағытына тік жүріңіз.

Зақымдалған аумақпен шанды көтермей тез жүріп өту керек. Елдімекеннің жақсы желденетін учаскелерімен жүруге тырысыңыз, өйткені құрылысы тығыз орналасқан, жабық аулада, өтпелі подъездерде, елдімекеннің қатпарларында қалып, ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Зақымдалған аумақта жеке қорғаныс заттарын киіп жүру қажет.

Зақымдалу аумағынан шығарда өзіңіздің жақындарыңызға, балаларыңызға, егде адамдарға және әсіресе уланған адамдарға қолыңыздан келетін көмек көрсетіңіз.

УЗ адам ағзасына өлім тудыратындай және уақытша қатардан шығаратындай әсер етеді. Олар адам ағзасына тыныс алу органдары, шырышты қабат, тері, су және тағам өнімдерімен асқазан-ішек жолдары арқылы түседі.

Қолданылған кезінде УЗ бу тәрізді (газ тәрізді), аэрозоль (түтін, тұман, сіркіреуі жаңбыр) немесе тамшылы-сұйық күйінде болуы мүмкін.

**УЗ зақымдалудың белгілері** дір қышқыл, хлорциан): ауы-  
Жүйке-паралитикалық эсерлілер (VX (ви-икс), зарин, сезіледі, тілдің ұшы жансызда-  
заман): сілекей ағыздырып, нады, көздің айналасы шан-  
көздің қарашығын кішірейтіп, шиды, тамағы тырналады, әл-  
тыныс алу қиындап, жүрек сіздік пен бас айналу білінеді.  
айнып, құсу, іш өту, сал болу, Содан соң қорқыныш пай-  
үрей пайда болып есінен тану, да болып, көздің қарашығы  
ұзақ мерзімді (бірнеге сағатқа ұлғайып, жүрек соғуы сирейді,  
дейін) тартылулар. Тыныс алу тыныс алу бір қалыпты бол-  
және жүректің сал болуынан майды, беттің қызаруы негізгі  
қаза табу. белгісі болып табылады. Естен

Тері-іріңдететін эсер танып, тартылу болуы, әрі  
(иприт, люизит): басында қарай сал болып, тыныс алу  
мұрын-жұтқыншақ құрғап, тоқтауы мүмкін.

Тітіркендіретін эсер CS (си-эс), ҚР (си-ар): аздаған қа-  
және өкпенің қабынуына ай- нықпада көзді және жоғарғы  
налады. Қабақ пен көзден жас тыныс алу жолдарын тітір-  
ағады, жарықтан тітіркенеді, кендіреді, жоғары қанықпада  
қызарады және шырышты қа- терінің ашық тұстарын күй-  
баттың ісінеді және ірің бөлі- діреді, кейбір жағдайда тыныс  
неді. Асқазан қатты ауырып, алу тоқтап, жүрек салданып,  
жүрек айну, құсу, іш өту. Тері қазаға ұшырайды.

Психохимиялық эсер ВЗ (би-зет): аздаған қанықпада  
қызарып, алғашында майда ұйқыны келтіріп, тіршілік қы-  
сулы бөртпе үлкейеді содан (би-зет): аздаған қанықпада  
кейін олар екі -үш күннен кей- ұйқыны келтіріп, тіршілік қы-  
ін жарылады да, емделуі қиын зметін төмендетеді, жоғары  
жараға айналады. қанықпада жүрек жиі қағып,

Иприттің буын немесе аэ- тері мен ауыз қуысы құрғай-  
розолімен дем алғанда өкпе қа- ды, көздің қарашығы ұлғайып,  
бынудан тұншығып өледі. өмірсүршендікті азайады. Әрі

Тұншықтыратын эсер қарай сөйлей алмай, қатып қа-  
(фосген, дифосген). Ағзаны лады, содан соң қозу кезеңі бо-  
тыныс алу органдары арқылы лады (4 тәулікке дейін).

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!** Уланудың жоғарыда көрсетіл-  
кабатын әлсіз тітіркендіреді, жас ағады, ауызда жағымсыз  
тәтті дәм білінеді, аздап бас гердің жедел көмегі керек.

УЗ өздерінің қасиеттерін бірнеше сағаттан бірнеше айға  
кеуденің қысылуын, жүрек ай- дейін сақтай алады.

УЗ-дан қорғану:

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!** Жүйке-паралитикалық  
Фосгенмен уланған адамға эсерде -газқағар, қорғаныс  
жасанды дем алдыру жасауға заттар, панахана, сүзгі-жел-  
болмайды. деткіш қондырғылармен жаб-  
дықталған және ауа өткізбей-

Жалпы улау әсері (көгіл-

тін панаханалар.

Тері-іріңдететін эсерде - газқағар, қорғаныс заттар, қорғаныс имараттары.

Тұншықтыратын эсерде - газқағар, панахана, сүзгі-жел-  
деткіш қондырғылары бар па- наханалар.

Жалпы уланатын эсерде - газқағар, панахана.

Тітіркендіретін эсерде - газқағар, панахана.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!** УЗ ашық жерлерден гәрі орман-  
дарда, саябақтарда, сайларда, тар көшелерде ұзақ сақтала-  
ды.

### БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҚЫМДАНУ АУМАҒЫН-ДА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ТӘРТІБІ

Адамдар мен жануарлар- ды зақымдау үшін қарсылас  
әр түрлі жұқпалы аурулардың әр түрлі жұқпалы аурулардың  
қоздырғышын қолдануы мүм- қін, олардың ең көп тарағаны  
оба, тырысқак, күйдіргі, туля- ремия.

Елдің денсаулық сақтау органдары бізге биологиялық  
аурудың қандай түрі қауіпті және зақымдалу болмас үшін  
халық қандай іс-шаралар қа- былдау керек екенін тез арада  
анықтаулары қажет. Бұл тура- лы хабарды халық бұқаралық  
ақпараттар құралдары және тұрғылықты орнының медици-  
налық қызметкерлері арқылы алады.

Аса қауіпті жұқпалы ау- рулардың ошақтары пайда  
болған елді мекендерде арнайы режим – карантин енгізіледі.

Карантин - жұқпалы ауру- лар таралуының алдын алуға  
және зақымдалған ошақты



жоюға бағытталған режимді, әкімшілік және санитариялық індетке қарсы шаралардың жиынтығы.

**ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!** Карантин жарияланған ауданнан шығуға қатаң тиым салынады.

Карантинді аймақта ауа арқылы тарайтын жұқпада және барлық уақытта үй-жайдан шығардың алдында газқағар (респиратор, шаңға қарсы мата маска немесе мақта-дәке таңғышты) киіңіз. Айналадағылармен қарым-қатынаста болмағаныңыз жөн. Балаларға аса қажеттілік болмаса үй-ішінен шығуға рұқсат етпеңіз.

Қауіптілігі төмен ауру анықталса, обсервация орнатылады.

Обсервация - жұқпалы аурулар таралуының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған шектелген шаралардың жиынтығы.

Бактериологиялық зақымдану ошағында қалған адамдар медициналық қызметкерлер мен аудан әкімшілігінің барлық нұсқауларын орындаулары керек. Ешқандайда себеппен аурудың алдын алуға арналған егулер мен дәрі қабылдаудан бас тартпау керек.

Міндетті түрде пәтерді, әсіресе ортақ пайдаланатын орындарды, жиһаздарды, ыдыстарды, киімдерді, аяқ-киімдерді, төсек әбзелдерін т.с.с. залалсыздандырыңыз. Ол үшін хлорлы әкті, фенолды, лизолды пайдалануға болады. Жеке бастың және қоғамдық тазалықты сақтаңыздар. Ең негізгі және ең қарапайым жеке

бастың тазалығына тамақтардың алдында қолды сабынмен жуу жатады.

Есіңізде сақтаңыз, аса қауіпті жұқпалы аурулардың таратқыштары: тышқандар, егеуқұйрықтар, шыбындар, биттер, кенелер және әр түрлі дала кеміргіштер болып табылады. Мұндай шыбын-шіркейлер мен кеміргіштердің тістеуінен қорғалу үшін қазіргі кезде көп түрлі және сатылатын (атауын анықтап ал) оларды жақындатпайтын дәрі-дәрмектерді (диметилфталат, диэтилтолуол және т.б.) пайдаланыңыз. Егер бәрі бір тістеп алса, сол орынды сығып, 4-5 минут бойы лизолдың 5 %-ды ерітіндісіне батырылған мақта немесе қол астында бар кез келген спиртті ерітіндіні пайдаланыңыз.

Тістеткізбеу үшін өзіңіздің айналаңыздағы қауіпті жұқпаларды таратушыларды жойғаныңыз жөн.

Аздаған болса да, бактериологиялық қарудан сізді газқағар, респиратор және ауа өткізбейтін бөлмеде отыру қорғайды.

Бактериологиялық заттармен зақымдалды деген күдікте алғашқы көмек ретінде АИ-2 медициналық қобдишасын-

дағы № 1 бактерияға қарсы дәрмекті (ол № 5 ұяда, бірдей бояуы жоқ екі пеналда орналасқан) пайдалану керек. Алдымен бір пеналдың ішіндегісін (5 таблетка) сумен бірге қабылдап; 6 сағаттан кейін екінші пеналдағыны (бұл да 5 таблетка) ішу керек.

Елдің денсаулық сақтау органдарында биологиялық қарудың қандай түрі қолданылатындығы белгілі, оған қарсы дәрі әзірленген және олар бар. Белгілі бір аумаққа биологиялық қару қолданылса, медицина мен басқа да осыған қатысатын ұйымдардың өкілдері тұрғын халыққа зақымдану белгілері болмаса да, қажетті препараттарды таратуы тиіс.

Аурудың белгілері анық (өзін нашар сезіну, дене қызуы көтерілу, бас ауыру, теріде бөрту пайда болу) адамдар тез арада арнайы жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызылады.

Мұндай аумақтағы тұрғындар көшірілуі ықтимал. Көшіру жергілікті немесе орталық биліктің өкімі бойынша ұйымдастыру тәртібімен жүргізіледі. Өздігінен карантин аймағынан көшу туралы шешім қабылдауға болмайды.



## Ұйым басшыларының назарына!

Түрлі-түсті плакаттар жиынтығы:

«ҚӨН-дағы» оқу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар»



Құрастырушы:

АҚ ҰО оқытушысы - Ш.С.Айтхожина

Бейнесабақ:

«ТЖ жою кезіндегі басқару органдары іс-қимылының алгоритмі»



Құрастырушы:

АҚ ҰО оқытушысы - Е.Ж.Есболов

# 10 ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕГІ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМ



Үрейленбей,  
САБЫР САҚТАҢЫЗ



Дүмпүлер кезінде лифтпен және баспалдақпен  
ҚОЛДАНБАҢЫЗ



Жиһаздан, терезеден, люстрадан  
АРЫ ТҰРЫҢЫЗ



Басыңызды қолмен жабыңыз,  
ЖАСЫРЫНАТЫН ЖЕР ТАБЫҢЫЗ



Дүмпүлер тоқтағаннан кейін үй-жайдан  
КЕТІҢІЗ



Кетер алдында суды, газды, электр қуатын  
ӨШІРІҢІЗ



Төтенше жағдайларға арналған шабаданды  
АЛЫҢЫЗ



Электр желілерінен, ғимараттардан, ағаштардан  
АУЛАҚ ТҰРЫҢЫЗ



Қайталанған дүмпүлерге  
ДАЙЫН БОЛЫҢЫЗ




Балаларға, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға  
КӨМЕК КӨРСЕТІҢІЗ

## ШҰҒЫЛ КӨМЕК ТЕЛЕФОНДАРЫ

ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ		101
ПОЛИЦИЯ	102	ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК 103
ГАЗ ҚЫЗМЕТІ	104	ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ 112

ТЕГІН ҚОСЫМШАНЫ  
ЖҮКТЕП АЛЫҢЫЗ  
Азбука безопасности  
в 4D



ҚОСЫМШАНЫ ІСКЕ  
ҚОСЫП  
Тілді таңдаңыз



КАМЕРАНЫ ҚОСЫП,  
ПЛАКАТКА  
ҚАРАТЫП,  
ДИКЦИОНАРИ  
ҚАРАҢЫЗ

